

*Мақсатым – тіл ұстартым,
өнер шайпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

8/2018

ТАМЫЗ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

Кұттықтау

Құрметті ұстаздар!

Жадыраған жаздың соңғы күндері. Санаулы уақыттан соң қоңыр күзбен бірге сіздердің де келесі бір басқа мамандықтарға ұқсамайтын, қажыр-қайрат пен шыдамдылық қажет ететін, АЛЛАҒдан тек абырой тілейтін еңбек жолдарыңыз басталады. Сіздерге осы жолда денсаулық пен саналы да ұғымтал шәкірттер тілей отырып, мына жыр шумақтарын сыйға тартамыз!

Редакция ұжымы

АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ СЫҢҒЫРЫ

*Ірі әріппен атайтұғын есімін,
Алтын ұя–мектебіміз есігін
айқара ашып, бәрімізді қарсы алды,
Құдай өзі жолатпасын кесірін!*

*Солай деуге негіз бары белгілі,
Еске түссе, мұң кешеміз кей күні.
Сондықтан да зор майданға алдағы
Дайын болу – басты міндет ендігі.*

*Десем де мен қуанышта бүгінгі,
Жеткізейін ыстық лебіз - күйімді.
Жас ұрпақты тәрбиелеу жолында,
Ұстаздарға жұрты мынау сүйінді.*

*Өз әліне қарсы әркім шаба алар,
Шәкірттерден шығары анық даналар.
Ерекше зой биылғы оқу жылы да,
Соны ұғынып, беске оқыңдар, балалар!*

Авторы: “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналының 1994-2014 жылдар аралығындағы бас редакторы З.ШІЛДЕБАЙҰЛЫ

МАЗМҰНЫ	
<u>Кұттықтау</u>	
З.ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.	Алғашқы қоңырау сыңғыры3
<u>Көкейкесті көзқарас</u>	
Қ.БӨЛЕЕВ.	Патриоттық тәрбие – жастарды отансүйгіштікке
Л.Қ. БӨЛЕЕВА.	тәрбиелеудің басты бағыты.....4
<u>Дін дариясында</u>	
М.ӘБЛҰЛЫ.	Ерімбет Көлдейбекұлының діни-танымдық философиялық өлеңдері мен діни киссаларында АЛЛАҒа сыйыну желісі және Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадистерімен үндесуі.....14
<u>Педагог пайымы</u>	
К.РАХИМБЕРДИНА.	Жаңартылған бағдарлама және жаңашыл ұстаз.....24
Ш.ОРУНБАЕВА.	“БИС” технологиясы.....28
<u>Жас маманға жәрдем</u>	
А.ҰЛМАҒАМБЕТОВА.	Қазақ тілінен оқушылардың білімін тексеруге арналған кесте.....34
И.РАСКИЛЬДИНОВА.	Қазақ тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану.....52
Ш.ӘБЛЕМОВА.	Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша 5-сыныпқа арналған тоқсандық және жылдық жиынтық бағалау үлгілері.....59
А.ТӨЛЕГЕНОВА.	Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша 7- сыныпқа арналған тоқсандық және жылдық жиынтық бағалау үлгілері.....71
<u>Семинар сабағы</u>	
С.НҰҒМАНОВА.	М.Мағауин “Бір атаның балалары”.....85
Т.ТЕМКЕНОВА.	Қайырымдылық – жомарттық тамшысы. Ы.Алтынсарин “Атымтай жомарт” әңгімесі (5-сынып). Сүйінбай – достық дәнекері. Сүйінбай мен Қатаған айтысы бойынша (7-сынып).....93
<u>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</u>	
Г.ТАЙШЫБАЕВА.	Асыл сөзді іздесен, Абайды оқы, ерінбе!.....98
М.МУСІЛІМ.	М.Әуезов “Көксерек”. Аққасқа мен Көксеректің шайқасы (7-сынып).....101
Н.МҰҚАНҒАЛИЕВ.	Қ.Қайсенов. “Жау тылындағы бала”.....107
Р.СЕЙТМАҒАНБЕТОВА.	Мағжанның “Батыр Баян” поэмасын талдау.....111
<u>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</u>	
Г.НҰРМАНОВА.	Игілік басы – ынтымақ.....117
А.АХМЕТОВА.	Электронды пошта.....124
<u>Жыр жазамын жүрегімнен</u>	
З.Х. ЕСЕНҒАЛИЕВА.	Білім кілті – кітапта.....128
Р.МҰҚАШЕВ.	Бауыржан Момышұлына арнау.....129
<u>Балабақша бағында</u>	
Н.М. ШАХАНОВА.	Балабақшада ерте жастағы балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту жолдары.....131
<u>Имандылық – асыл ой</u>	
Г.ЕСКЕНДІРҚЫЗЫ.	Рамазан – жақсылық жаршысы135
<u>Кітапхана тынысы</u>	
А.ҚАЙНАҚАЕВА.	Дана сөздің дарасы – Шәкәрім.....137
Л.БУЛТЕКОВА.	Баспасөз – өмір айнасы.....140
Л.ҚҰРЫМБАЕВА.	Бибі-Ана, іс бітірдің мың кітаптық.....142

Қ.БӨЛЕЕВ,
педагогика
ғылымдарының докторы,
Тараз
инновациялық-гуманитарлық
университетінің
профессоры.

Л.Қ.БӨЛЕЕВА,
педагогика
ғылымдарының кандидаты,
М.Х.Дулати
атындағы Тараз мемлекеттік
университетінің доценті.
Тараз қаласы

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ – ЖАСТАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында *«Патриотизм – кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады... Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі... Патриотизмнің ең жақсы үлгісі – орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі»* – деп, бүгінгі таңда оқушы жастардың патриоттық тәрбиесін жетілдіру міндетін алға қойды [1].

XX ғасырдың басында ұлттық патриотизмнің

негізін салушы ғалым-ағартушылардың бірі М.Жұмабаев *«Тәрбиеден мақсұт адамды һәм сол адамның, ұлтын алса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі – әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі - әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты»*, – деп, қоғам мүшелерінің бақытты болуы – ұлт бақытының негізі екеніне тоқталады [2, 14-15 б.].

М.Жұмабаевтың бір ғасыр бұрын жазылған тұжырымы ХХІ ғасыр қоғамын қалыптастыруда негізгі мұрат болып табылады. *«... әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»*, – деп, ұлттық тәрбиеге аса мән береді [2, 16-17 б.]. Расында да, ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасыр басында тәуелсіз елімізде қоғамдық даму үрдісінде ұлттық салт-дәстүрге, халықтық тәрбиеге деген бетбұрыс айқын байқалады.

«Патриотизм» ұғымына философиялық, педагогикалық, психологиялық тұрғыда ғалымдардың анықтамаларын негізге ала отырып, **жалпы адамзаттық патриотизм, қазақстандық патриотизм, ұлтжандылық, қазақ патриотизмі ұғымдарының** мәнін бүгінгі күн тұрғысынан зерделедік. Философиялық сөздікте *«патриотизм (грекше раігіз - отан) (грек раггіоіез - отандас, раиіо - адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім, оның мазмұны) – Отанға сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені*

мен қазіргісіне деген мақтаныш, Отан мүддесін қорғауға құлшыныс.

Патриотизм – адамның мыңдаған жылдар бойы бекіген ең терең сезімдерінің бірі. Туған жерге, тілге, салт дәстүрлерге адал болып, олардан қол үзбеу түрінде патриотизмнің тарихи элементтері көне заманда-ақ қалыптаса бастаған» [3, 35 б.] – деп тұжырымдайды.

Философ-ғалым М.Изотов патриотизмді ұлттық, жалпыұлттық және жалпы Қазақстандық тұрғыда қарастыра отырып, ұғымдарға жеке-жеке тоқталады. «**Ұлттық патриотизм** – өзінің туған жеріне, өз ұлтының бірлігі, мәдениеті, тілі, дәстүрлеріне деген сезімінен туындайды, **жалпыұлттық патриотизм** – Мемлекет халықтарының бір бөлігі екенін түсінуі, әртүрлі ұлт өкілдірінің өз Отанына деген махаббаты пен шынайы сүйіспеншілігі, **жалпы Қазақстандық патриотизм** – республика халықтарының ажырамас бөлігі екенін түсінуі, махаббат сезімі, Қазақстан Республикасына деген шынайы сүйіспеншілігі, халық пен отанының мүддесін қорғау азаматтық парызы» деген тұжырым жасайды [4, 102 б.]. сондай-ақ ғалым жалпы патриотизмді адамгершілік, саяси принцип және адалдық, мақтаныш, сүйіспеншілік, сезім тұрғысынан қарастырады.

Патриоттық тәрбиенің философиялық астарына, даму үрдісіне үңілетін болсақ, түп тамыры Түркі қағанатынан бастау алатынын ауыз және жазба әдебиет үлгілеріне шолу жасағанда, айқын

аңғарамыз. Түркі жұртының ұлттық ерлік дәстүрі негізінде оқушы жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру ерекше орын алады.

Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудегі негізгі міндеттер – қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік, қоғамға деген рухани-мәдени қатынас, еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтау, Қазақстан көпұлтты мемлекет екенін негізге ала отыра, бүгінгі қоғам мүшелерінің бойында қазақстандық патриоттық сезімін қалыптастыру. Сондықтан да жас ұрпақ бойындағы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, яғни жастайынан ерлік пен елжандылықтың рухын себу – отбасынан бастау алады. Отбасындағы негізгі міндет – баланы жастайынан ата-анасына, туған-туыстарына, әулетіне, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін жетілдіру арқылы, Отанына, мемлекетке деген шынайы сезімін қалыптастыру.

«Елінді сүйсең ерлік істейсің», «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі» деген елжандылық ұрандар адамның жеке басына қарағанда ел намысы, елі үшін мақтаныш сезімі жоғары екенін түсінеміз. Расында да, көптеген ғылыми еңбектерді зерделейтін болсақ, патриотизмді қалыптастыруға себін тигізетін қасиетті белгілер: **ұлттық сана-сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, парыз, намыс, бірлік және міндет**. Патриотизм сана, сенім тұрғысына негізделіп, сезім арқылы көрініс береді. Әр адам ата-бабаларымыз негізін салып кеткен игі дәстүрлерді мақтан ете отырып, өз ұлтын терең сүю

арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеуге тиіс.

«Ұлттық мақтаныш, – дейді халық батыры Б.Момышұлы, – ұлттық материалдық, әлеуметтік және мәдени жетістіктерінің негізінде қалыптасатын әрі алдыңғы қатарлы ұлттық идеялар, ой-пікірлерімен байып отыратын, ұлт бостандығы және саяси әлеуметтік бостандық жолындағы күрестің тарихымен байланысты әлеуметтік психологиялық сезім болып саналады» [6, 28 б.].

Жастардың бойында патриоттық құндылықтарды қалыптастыру атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін оқу-тәрбие мазмұнына енгізе білсек, ұлттық дәстүрге берік, елін, жерін сүйетін азамат тәрбиелеу, яғни оқушылардың бойына патриотизмді қалыптастыру өскелең өмір талабынан туындап отыр.

Қазіргі таңда ғылымда «ұлтжандылық», «қазақ патриотизмі», «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» және «жаңа қазақстандық патриотизм» ұғымдары кеңінен қолданылуда.

Ұлттық патриотизм ұғымына әртүрлі көзқарас бар. Ұлттық патриотизмді жекеленген, оқшауланған ұғым деп қабылдауға тырысады. ***Жоқ, ұлт бар жерде, ұлттық патриотизм бар! “Қазақ халқының жер бетінен жойылмай сақталуы да ата-бабаларымыздың ұлттық рухының жоғары болуында!”*** – десек, артық айтпаған болар едік, яғни бұл – тарихи шындық.

Ұлтжандылық дегеніміз – елі мен жерін, халқының бостандығын және мемлекет ретінде тәуелсіздігін сақтау, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу. ***Ұлтжандылықты – қазақ патриотизмі деп те қарастыруымызға болады. Ұлтжандылық – ұлт бостандығы, елі мен жерінің тәуелсіздігі, білім мен ғылым, мәдениет, спортта әлем сатыларының биік шыңынан көрінуі негізгі ұстаным болып табылады.***

Ұлтжандылық ұғымына анықтама берген кезде Ш.Уәлихановтың патриотизмге берген анықтамасын негізге алуға болады. Отансүйгіштік сезімнің қалыптасуы туралы *«Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай (матрешка) сияқты бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық) мен ең алдымен өз отбасымды, туған туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртымды, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстары, Ресей жұртын қадірлеймін»* [5, 38 б.], – деген екен. Осы Ш.Уәлихановтың патриотизмге берген анықтамасы «ұлтжандылық», «қазақ патриотизмі», «қазақстандық патриотизм», «жалпыадамзаттық патриотизм» анықтамаларының негізгі болып табылады.

«Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасында» *«Қазақстандық патриотизм – әрбір азаматтың өз Отанының тағдырына, қауіпсіздігіне, болашағына деген жауапкершілігін сезінуі. Барлық отандастарды ұлты мен*

конфессиясына қарамастан жете құрметтеу, олардың салтын, дәстүрін, тарихы мен мәдениетін құрметтеу, мемлекет рәміздеріне, мемлекеттік тілге құрметпен қарау. Тұған жерге деген махаббаты, Қазақстанды барлық азаматтардың бірыңғай Отаны ретінде түсінуі» [7], ал философ А. Айталы **қазақстандық патриотизм** – біздің мемлекетіміз сияқты жаңа әлеуметтік, психологиялық және саяси құбылыс. **Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу дегеніміз** – еліміздің барлық ұлттардың шынайы Отанына, мақтанышына айналдырып, ешкімді де өгейсітпеу» [8, 42 б.], – деген тұжырымдарынан Қазақстанды мекендейтін әрбір ұлт өзін еркін сезінуі, менің Отаным деген қағида негізінде сүйіспеншілік сезімнің қалыптасуы.

Бүгінгі таңда еліміз өзінің тәуелсіздігін алуымен әлемдік жаһандану үрдісінен орын алып отыр. Білім беру жүйесінің Болон декларациясына сәйкес әлемдік білім кеңістігіне кіруі, экономикалық еркін аймаққа мүше болуға ұмтылысы біздің алдымызға үлкен маңызды міндеттерді жүктейді. Тек мемлекеттік тұрғыда ғана емес, әлемдік тұрғыда бейбітшілік пен тыныштықты сақтау мәселесі тұр. Қазақстандық патриотизм әлемдік тыныштық пен бейбітшілікті сақтаудың негізгі бір тұғыры деп айтуға болады. Қазақстан Республикасы алғашқылардың бірі болып ядролық қарудан бас тартуы, сынақ алаңдарын жабуы Бұл әлемдік бейбітшілікті сақтауға жасаған негізгі қадам болып табылады.

Қазақстандық патриотизм – Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекеті әлемдік биіктен көріну үшін білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілік, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау.

Ал қазақстандық патриотизмі көп ұлтты Қазақстан үшін бірлік пен елдікті сақтай отырып, демократияландырылған, әлемдік өркениеттен орын алу идеологиясы негізгі діңгек болып табылады. Бұл жерде ел Президентінің тұжырымы бойынша «Қазақстандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі атамекеннің иесі – қазақ халқы өз мойнына алуы керек. Өйткені халқымыз ұлтаралық жарастықты, сыртқы дүниемен өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыра алса ғана өзінің өркениетті мемлекетіне ие бола алады», – деп Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі тірегі қазақ халқына үлкен үміт артады.

Жаңа әлеуметтік даму жағдайында оқушыларға патриоттық тәрбие берудің теориялық негіздерін айқындауда тәрбиенің негізгі түп тамыры тәрбие философиясынан бастау алатындықтан әр түрлі кезеңдегі тәрбие мүмкіндіктерін қарастыруға тура келеді. Бүгінгі ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде біз, философияның негізгі тәлімдік бағыттары педагогика мен психологияны сабақтастыра жүргізуді көздедік.

Бүгінгі жаһандандыру үрдісі тұрғысынан алатын болсақ, патриотизм ұғымы – халықтар мен ұлттардың өз Отанына, мемлекетіне деген сүйіспеншілігімен қатар, әлемдік дамудың тыныштығы мен бейбітшілігін сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау. ХХІ ғасыр ұрпағын тәрбиелеуде ұлттық мәдениет пен өркениеттік даму үрдісін өзара сабақтастыра отырып тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастыруымыз керек.

Біз жоғарыда патриотизм ұғымының бағыттарына сәйкес патриоттық тәрбиеге талдау жүргіздік (Кесте 1).

Кесте – 1. Отандық ғалымдардың еңбектеріндегі патриоттық тәрбиенің анықтамалары

Патриоттық тәрбиеге берілген анықтамалар	Авторлары
<p>1. Патриоттық тәрбие - мемлекеттік үкімет органдарының жүйелі және алдына мақсат қою арқылы іске асырылатын іс-әрекет, дей келе, азаматтардың туған еліне деген жоғары патриоттық санасын, сезімін қалыптастыру, Отанының мақсатын қорғауда азаматтық және конституциялық міндеттерді орындауға дайын тұру.</p>	<p>« Қ Р азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы» [7].</p>
<p>2. Патриоттық тәрбиені адамгершілік мәдениет тұрғысынан қарастыра келе, туған елге, салт-дәстүрге, тілге деген құрметті қалыптастыра отырып, мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтаудың негізгі бір тірегі.</p>	<p>С.Қ. Қалиев [9]</p>

<p>3. Патриоттық тәрбие - халыққа және Отанға деген сүйіспеншілік сезімді, көзқарасты, іс-әрекетті өзара бірлікте қарастыра отырып, тұлғаны қалыптастыру.</p>	<p>С . Т . Иманбаева [10]</p>
--	-------------------------------

Жоғарыдағы ғалымдардың патриоттық тәрбиеге берген анықтамаларын зерделей келе, Елбасының «*Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі*» [1], – деп қорытынды жасауға болады. Бұл қазіргі жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің басты міндеті мен бағыты болып саналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 12.04.2017 жыл.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1998. 112 б.
3. Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. - 325 б.
4. Изотов М. Проблемы патриотического воспитания народа в процессе формирования общекзахстанской национальной идеи // Общественно-политологический анализ МОН РК. – Алматы: 2006. - С. 280- 305.
5. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1985. -560 б.
6. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. – Алматы: Қазақстан, 991.- 400 б.
7. Айталы А. Ұлттану. – Алматы: Арыс, 2003. - 226 б.
8. Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы /Альянс, № 3-4, 2005. - 5 б.
9. Қалиев С.Қ. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы.– Алматы: Рауан, 1998.- 210 Б.
10. Иманбаева С.Т. Ерлік тағылымы. Оқу құралы. – Алматы: РБК, 1998. -152 б.

М. ӘБІЛҰЛЫ,
Филология ғылымдарының кандидаты,
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің профессоры,
жазушы-журналист.
Тараз қаласы

ЕРІМБЕТ КӨЛДЕЙБЕКҰЛЫНЫҢ ДІНИ-ТАНЫМДЫҚ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ДІНИ ҚИССАЛАРЫНДА АЛЛАҒА СЫЙЫНУ ЖЕЛІСІ ЖӘНЕ МҰХАММЕД (С.Ғ.С.) ПАЙҒАМБАРДЫҢ ХАДИСТЕРІМЕН ҮНДЕСУІ

Өлең-сөздің тереңдігін, адамның санасына әсер ету күшін өзі мойындаған, өзгелерге де мойындатқан Ерімбет Көлдейбекұлы өзінің діни-танымдық өлеңдерін оқушысының санасына тереңдей енуіне мүмкіндік жасай отырып:

*«Әуелі жаратылды Нұн менен Кеп,
Қиялмен айттым толғау тыңдасын деп.*

Болады үлкен ұят қалет жазған,

«Толғауды өтірік жазған бұл несі?» деп...»
деп, – бастайды. Шайырдың ойы Мұхаммед пайғамбардың: *«Алла алдындағы ең жақсы сөз – шын сөз»* («Мұхаммед пайғамбардың

хадистері», (Алматы, «Шапағат-Нұр» баспасы, 2000-жыл, 7-бет) деген хадисімен үндеседі. Сондай-ақ Мұхаммед пайғамбар: *«Сегіз түрлі адам қиямет күнінде Алла жаратқан мақұлықтарының ішіндегі ең жаманы деп есептеледі: өтірікші, тәкаппар. Мінездемомын, достарына әдеп сақтағансып, олардың көзінше ғана кішіпейілсінетіндер; Алла мен Расулдың талабын кешіктіріп, шайтанның бұйрығын тез орындайтындар...»* (Бұл да сонда, 27-бет)- деген хадисіне үн қосып тұр. Шайыр өлеңдегі салмақты ойды Нұн менен Кепке тастайды. Солардың күдіретті иемнің (Алланың) күдіретімен жаратылғанына оқушысының назарын аударады. Шайыр өлеңнің тақырыбын *«Кім айтқан «Жалғанышдан не көрдім?» деп?»* қоюының да терең мәні бар екені рас. Өлең діни-танымдық бағытта жазылған. Сондықтан шайыр өлең жолының әр бір жолына, әрбір шумағына үлкен жауапкершілікпен қарағаны сананы кемелдендіріп тұр. Шайырдың: *«Қысылсам қиын жерде сүйенермін, «Бір ғалымнан кітап көреген есіттім...»* – деп жырлауы да көп мағынаны білдіріп тұр. Шайыр сөз күдіретін мойындайды, сөз күдіретін дүйім жұртқа паш етеді. Сөздің адам санасына әсер ету күшінің күштілігін ескерте отырып, сөздің

асыл қасиетін жоққа шығармайды, қайта оның құдіреттілігіне бас иеді, өз оқырманын сөздің қадір-қасиетін ұғынуға шақырады. Шайыр онан әрі:

«Бұрынғы неше ұлықтар болды кәпір,

Сипатын Һақтың бұрыс айтамын деп...»
(Қарасақал Ерiмбет, «Ұлағат сөзім ұрпаққа...», Алматы, «Маржан» баспасы, 1995-жыл, 63-бет)-деп жырлайды. Алла Тағалламның барша адам баласын жаратқаны белгілі. Сол Алланы серік етушілер кәпірдің қатарына кіреді. Аллаға серік қосушылар қателеседі, өмірде опық жеуі де мүмкін. Олар кәпірлердің қатарына қосылады.

Шайыр онан әрі былай деп жырлайды:

Сипатын Һақтың бұрыс айтамын деп,

Әй, кеулім, ет насихат енді сонан.

«Тәубеге,-айтсаң екен.-қайтамын»-деп,

Дүнияның әуелі – ақыры алпыс мың жыл.

Ол да «жүрдім» деп айта алмаған

«жүрмедім» деп.

(Бұл да сонда, 63-бет).

Шайырдың «Ер міндеті» деген өлеңінде:

«Парыз бен уәжип, сүннет-ер міндеті,

Иманның, боржа келсе, көп құрметі.

Мағынасы төрт кітаптың мәшһүр болып,

Құранның келді бізге сүре, аяты...» деп парыз бен иманды, Қасиетті Құранды жырлайды.

Дінтанушы Халифа Алтай иман туралы былай деп жазады: *«Сондықтан әртүрлі жамандықтан қолын, тілін және көңілін аулаққа салады. Ешкім көрмейтін жерде де Алланың әміріне қайшы және мінез-құлыққа сәйкеспеген әр нәрседен сақтанады. Оны ешкім алдай алмайды да, жолдан тайдыра алмайды.*

Рухын, көңілін дүние және ахиретке пайдалы болатын әртүрлі біліммен қамтамасыз етеді. Сөйтіп өзін өтіріктен, мақтаннан және білімсіздіктен қорғайды.

Жаратқанды сүйгеніндей, жаратылысты да Алланың жаратқандары деп, шынайы түрде жақсы көреді.

Ұлы Тәңірдің бүкіл адам баласын тең құқықты жаратқанын біледі. Сондықтан өзін басқалардан жоғары көріп дандайсымайды. Ал, сондай-ақ өзін басқалардан өте төмен санап ешкімге бас иемейді. Алладан басқа ешкімге құл болмайды.

Жаратқанға және жаратылыстарға деген міндетін толық орындайды.

Сөйтіп, адамға, адамшылыққа жарасатын бүкіл жақсы мінездерге ие болып, әрі адам баласы үшін пайдалы болып, әрі толық мүмін болады.

Қорыта айтқанда, дүниеге тап-

таза бір рухпен келген адам баласы өзіндегі қабілетті иман нұрымен нығайтып, дүниедегі адамгершілік міндетін толық атқарғандықтан, көңілі жәй тауып Аллаға қауышады...» (Халифа Алтай, «Иман», кітапта: «Мұсылман күнтізбесі», Алматы, 2006-2007 жылдар, 28-наурыз).

Шайырдың Құран туралы сөз айтуы да тегін емес. Қасиетті Құран туралы дінтанушы, профессор Ә.Дербісәлиев былай деп жазады: «Құран жалпы 114 сүреден тұрады. Әрбір сүре «Қайырымды, мейірімді Алла атымен» іспетті дәстүрлі тілек, жалбарыныспен басталады да аяттар әрі қарай жалғасып кетеді.

«Айһа» (көпше түрі «аят») сөзі «керемет», немесе «құбылыс», «көрініс» деген мағына береді, яғни мұнда аяттардың жаратылыстан «тыс» тұрғанына меңзілетін сияқты. Әрбір аят аяқталған ойды білдіре отырып, өзара кідірспен екшеледі.

Бүкіл сүрелер меккелік және мединелік болып екіге бөлінеді. Меккелігі-92, мединелік нұсқасы-22. «Беташар» мен «Ықылас» сүрелері меккелік делінеді.

Құранның әрбір сүресі мен аяттары – толған тарих, тұнған шежіре. Оны алдын-ала дайындықсыз бірден түсіну қиын. Сондықтан

да Құранның сүрелері мен аяттары туралы әлем халықтарының көптеген тілдерінде сандаған тафсирлер (түсіндірмелер) жазылған.

Әуелгі сүре аяттарында ә дегеннен Аллаға мадақ арнала отырып, оның қашан да қайырымды, ізгі ниетті, кешірімшіл, жомарт, мейірімді екені, жарық күн таусылып, кешегі бақилық болғандардың да бұ дүние мен о дүниедегі істеріне есеп берер қиямет-қайым сот күні туғанда ақ, қарасын ашып, қара қылды қақ жаратын жалғыз Алла екені, сол себепті соған ғана табыну, соған ғана жалбарыну қажеттігі айтылған.

Аталмыш сүрелердің, әсіресе, соңғысына (112 сүре) мұсылман ғалымдары мен әлем ориенталистері ерекше назар аударған. Бұл сүре аяттары – Пайғамбардың Алла туралы жөйіттер (еврейлер) мен христиан дініндегілерге айтқан уағызы немесе Құрайыш руынан шыққан жерлестерінің Алланың ерекше қасиеттері туралы сұрағына берген жауабы дей келіп, оның ең бір маңызды сүре ретінде аса қадыр тұтылатынына тоқталады. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) өзі де осы сүренің Құрандағы күллі сүрелердің ширек бөлігіне татитындығын айтқандығы туралы аңыз барлығын еске алады. Соған

қарағанда, ол Ислам діні қарсыластарымен қиян-кескі күрес жүргізе бастағанда (VII ғ.) өмірге келген секілді. Мұнда жаңа дінге қарсы шығушылардың түрлі тотемдік нанымдары мен пұтқа табынушылығын жойып, бір Аллаға мойынсұндыру, оның мәңгілігі мен құдіреттілігіне сендіру көзделген. Құранды қысқа қайырған кезде «Фатихадан» кейін оның әдетте бір емес, үш қайтара оқылатыны да сондықтан сияқты.

Сөз болған сүрелер (1,112) Құранның Сирияда шыққан басылымы бойынша (Әл-Құран әл Карим. Дамаск, 1978, 2,522-беттер) тәржімаланды» (Әбдісаттар Дербісалиев, «Құран хақында түсіндірме», кітапта: «Мұсылман күнтізбесі», Алматы, 2001-жыл, 12-13-қаңтар).

Шайыр онан әрі:

Айлады Халил үшін отты гүлзар,

Сақтады, етпеді кәр, қалың өрті.

Он жеті жыл құрт жесе де тимеді қаш,

Аюптың тапты сабыр жамал еті.

Еш пенде біліп болмайды пәни халды,

Тең болған күллі галамға құдіреті! – деп жырлайды. (Ерімбет Көлдейбекұлы, «Ұлағат сөзім ұрпаққа...», Алматы, «Маржан» баспасы, 1995-жыл, 66-бет).

Ерімбет Көлдейбекұлының «Қалмақ жоқ бұл дүниеде, ақыры өлмей» атты діни танымдық өлеңінде өзінің о дүниеге аттанып бара жатқанда, Аллаға деген иманының адалдығын жыр жолдарымен дәлелдейді. Жалғаншы дүниеде өкініші мен орындалмаған арманын аһ ұра отырып, кейінгі ұрпаққа өсиет етіп қалдырады.

Өлеңде ақынның жалғаншы дүниемен қоштасуы, ішкі жан дүниесі арқылы поэзиямен өрнектеледі. Адам пендесінде арман да, мақсат та таусылмақ емес, адам сол мақсатына, арманына жету жолында тек адалдық пен адамгершілікті, имандылықты өзіне жолдас етіп алуы қажет деген ой түйеді.

«Ермембет – өзім атым, әкем – Көлдей,

Барады өтіп дәурен көшкен елдей!..» (сонда, 312-бет) – дейді ақын. Адам өмірін, жалғаншы дүниені «көшкен елдей» деп сөзбен сурет салады. Онан әрі:

Басымнан кеткен ұшып қызық дәурен,

Уа, дариха, кеткенің бе, қайтып келмей?!..» (сонда, 312-бет) – деп аһ ұрады.

Мұндай өкініш адам болып дүниеге келген пенденің басында бар. Адам пендесінің арманы орындала бере ме? Жаратқанның құлы болған соң, бұралаңы көп өмір жолында

кайғырады, қуанады, мақсатқа жету жолында көптеген асулардан өтеді, бұралаңы көп өмір жолынан жүруге тура келеді, сол өмір жолында біреулер мақсатына жетеді, біреулер жетпей өмір жолының ортасында қалып қояды. Сондықтан ақын:

Ойға алған мақсатыма жете алмай,

*Қолымды кеткенім бе сермей-сермей?!
(сонда, 312-бет) – дейді.*

Пәни дүниеде ойға алған мақсатына жете алмай кеткендердің қатарында екенін ақын осылай жырлайды. Науқасының дендеп бара жатқанына қиналып, өлер алдында кейінгі ұрпаққа назым сөзбен өсиет қалдырады.

Науқасым сөйлеуіме мұрса бермейді,

*Ей, Раббым, ақ жолға сал көп кідірмей?!
(сонда 312-бет) – деп, Жаратқанға жалбарынады. Ақын соңғы демі біткенше, Аллаға жалбарынып, Аллаға ризашылығын білдіреді:*

...Ей, Алла, рахметің көп, қаһарың бар,

*Ғаріптің кеуілін аштың неге мендей?!
Бір басын ешбір жанға теңгермеген,*

*Жоқ еттің неше ерлерді асқар белдей,
(сонда 312-бет) – дей келе, жалғаншы дүниеде ешкімнің тірі қалмасын білетінін, бәрібір түбінде Алла Тағаллам өзіне алатынын*

дәлелдей келе:

Әзелде есімің пенде жазылған соң,

*Қалмақ жоқ бұл дүниеде ақыры өлмей...»
(сонда 312-бет) – деп, Аллаға басын иеді. Әрине, бұл – мұсылман пендесінің Алла алдындағы парызы. Ал сол парызды Ерімбет Көлдейбекұлы жыр жолдарымен өрнектейді. Адам баласы басына ажал жетпей тұрып-ақ, о баста Жаратқанға жалбарынуды, Алланың күдіретті екенін өсиет етеді:*

*...Жасыңнан жапа шексең де «Тәубе!» дей
көр,*

Бір күні ажал жетіп, отың сөнбей...

...Ей, ерлер, «Өлмеймін!» деп қылма қияс!

...Сірә, пенде жоқ, бұл жалғанда ажал алмас!

Тіріңде дырисаң да «Дырдаймын!» деп,

Жалғаншы бес күн өмірің оша қылмас!

Дүниеге келген пенде бәрі өледі,

Ажалдан, Һақтан басқа, қапыл қылмас!

...Қусаң да бұл дүниенің опасы жоқ,

*Ер болсаң иман күт те, дінге жармас!..
(сонда 312-бет).*

Е.Көлдейбекұлының діни философиялық өлеңдері мен діни қиссаларының жастарға берер тәлім-тәрбиесі мол. Сондықтан Ерімбет шайырдың діни бағыттағы шығармаларындағы танымдық көркемдіктің қуаты мол.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ

Ел болашағы – білімді ұрпақ. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «*Ұлт болашағы – білімді ұрпақ қолында*» – деп, жастарға зор сенім артып, осы тұста олардың жан-жақты дамуына мүмкіндік беріп, қолдау көрсетіп отыр.

Білімді ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгінің ұстазына артылған жауапты да маңызды іс. Заман ағымына сай білім беру жүйесі өзгеріске ұшырады. Халқымыз «Заманына қарай адамы» дейді. Білім мен ғылымның ел дамуына оңтайлы әсер етуі үшін білім беру жүйесін заман талабына сай үйлестіру қажет. Бүгінгі таңда елімізде білім берудің жаңартылған мазмұны жүзеге асырылуда.

Жаңартылған бағдарлама бойынша 1,2,5,7 – сынып оқушылары білім алуда. Білім берудің әдіс-тәсілдері өзгертіліп, жаңашыл әдістер қолданылуда. Жас ұрпақтың білім алуына кең мүмкіндіктер беретін бұл әдістер оқушылардың бірлесіп білім алуына негізделген. Сол арқылы оқушылар өздері үйреніп қана қоймай, бірін-бірі оқытып, бір-біріне көмектесіп, жұпта,

топта жұмыстануға үйренеді. Оқушылардың өз бетімен білім алып, ізденіп, терең ойланып, зерттеп үйрену дағдыларын қалыптастыруымыз қажет. Ал жанартылған бағдарламаның әдіс-тәсілдері оқушыларды сыни ойлауға үйретіп, еркін білім алуларына септігін тигізеді. Бағалау формасы түбегейлі өзгеріп, қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалаулар орнын алмастыруда. Оқушы бағалауға өзі де қатыса алғасын (бірін-бірі бағалау, өз-өзін бағалау, пікір білдіру, ұсыныс айту) бұл әдістер оларға ұнайды. Бұл әсіресе, өзге тілді оқушыларға мемлекеттік тілді меңгертуде өз нәтижесін беріп отыр. Мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде өз оқушыларыма сабақтарымды үнемі жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде өткіземін. Біздің мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстаздары үш апталық білім жетілдіру курсынан өтіп, 12 жылдық білім баспалдағына көшу жолында еңбектеніп келеді. Яғни, сабақты жоспарлаудағы ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар, оқыту стратегиялары, тілді меңгертудегі тиімді **төрт дағды (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым)**, кері байланыс түрлерінің барлығын өз сабақтарында үйлестіріп қолдана біледі. Оқушылардың алған білімін тексеру мақсатында бөлім соңында бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсан соңында тоқсан

бойынша жиынтық бағалаулар өткізіледі. Тапсырмалар өтілген материалдар бойынша жасақталып, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай құрылады. Мұғалімдер тек күнделікті сабақтарын ғана емес, сонымен қатар сыныптан тыс шараларын да жаңартылған бағытта өткізіп жүр.

Жаңартылған бағдарлама барысында ХХІ ғасыр талабы үштілділік саясаты тиімді жүзеге асырылуда. Пәнаралық сабақтастық негізінде оқушылар барлық пәндерден бір модульді оқып біле алады. Жекелеген термин сөздердің аудармасын үш тілде біліп үйренеді. Мұхтар Әуезов: *«Халық пен халықты теңестіретін – білім»* – дейді. Біздің мектебімізде түрлі ұлт өкілдері білім алады. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін оқып, сонымен қатар өздерінің ана тілдерін де жетік біледі. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев *«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру»* бағдарламалық мақаласында басты алты бағытының бірі ретінде білім, ғылымды атап өтті. Ендеше, әлем мойындар табысты ел болуға, жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіретін ұрпақ тәрбиелеу – ұстаз міндеті екені сөзсіз.

Еліміз болашақта көркейіп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазақстан Республикасының «Орта

білім беруді дамыту» тұжырымдамасында: *«Әрбір баланың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу, оның мүмкіншілігін, өмірдегі мәнін көрсету арқылы білімге тереңірек ұмтылуына, сондай-ақ ізденісіне, бейімділігіне көмек беру, жағдай туғызу және оған өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру - білім берудің түпкілікті мақсаты»* екендігі айқындалған. Осы орайда, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: *«... Бізге бұрынғы қай кездегіден де білім мен ғылымның баға жеткіліксіз қорын барынша арттыру, оны қазіргі заманға сай ету қажет»* – деген сөзі егеменді елімізде білім мәселесіне мемлекет тарапынан қаншалықты көңіл бөлініп отырғанын дәлелдейді.

Қорыта келе, заманауи талаптарға сай қызмет істеу үшін, ең алдымен, педагог өзінің теориялық және әдістемелік білімі ұдайы жетік, сезімтал, ұшқыр ойлы, шабытты болуы тиіс. Сонда ғана педагог қызметінің жемісі, білім беру нәтижесі бүгінгі күннің талабына сай келеді. Әр бала – болашақ данышпан десек, егеменді еліміздің иелері қай уақытта көңілі ояу, көкірегі ашық, кез келген өзгерістерге сыни тұрғыдан қарап, өз ойларын, көзқарасын білдіріп, шешімін таба білу шарт. Ізденіссіз еңбегің жемісті болмайды. *«Болмасаң да, ұқсап бақ»* – деп Абай ағамыз айтқандай, өз іс-тәжірибемде жаңашыл ұстаздардың әдіс-тәсілдерін басшылыққа алып, оқыту жүйесін түрлендіріп өткізуді ұстаздық міндетім деп білемін.

Ш. А. ОРУНБАЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі,
«6 орта мектебі» ММ.
Қостанай облысы,
Лисаков қаласы

«БИС» ТЕХНОЛОГИЯСЫ

«Бис» технологиясымен оқыту. Бис технологиясы дегеніміз – биохабар және синергетика үйлесімі негізінде білім беру үдерісіндегі технологияның түзілісі, яғни биоинформатика және синергетика. Авторы – Вассерман Федор Яковлевич.

Биохабар үдерісі білімде хабар беру, оқу материалын сапалы білу, оқушылардың ойлау қабілетін дамыту технологиясын бағалау болып табылады. Оқушылардың шығармашылық даму белсенділігі мүмкіншілігін асырып, шаршау үдерісін төмендетеді.

Синергетикалық үдеріс білімде биохабарлық ауысуды өзін-өзі ұйымдастырушы жүйеге, алдына қойған мақсатты жеке өзі шешетін және күнделікті үдерістің сапасы теріс болуы. **Негізгі жолдары:** жеке адамның іс-әрекеті, шешім қабылдау нәтижесі, бағалау диалогтарының ашық жағдайда болуы, байланыстың тіке және тегіс бағалануы, білімнің сапасын сараптаудың күрделі әдістері, талап етуді күрт күшейту, артық ойлау, басқарудың байланыстарының есебі. Оқушылар тобына

белсенді және өзін-өзі қорғайтын ортаны құру.

«Бис» технологиясы білім берудегі сапалы, саналы технологияның нәтижесі бола алады. Әрбір мұғалім технологияның басты ерекшеліктерін оқушыларға түсіндіре отырып, өзінің оқыту іс-әрекетінде тиімді пайдалану қажет. Оқушыға талапты осылай қоя білуі керек.

Егер берілетін білім толық мәліметтермен қамтылса, толық білім деп есептеледі. Білім оқу материалын жүйелі оқып үйрену барысында толық жүзеге асырылады. Егер оқушы білім элементтерінің арасындағы байланыстарды айқындай білсе, оның терең білім алғаны. Түрлі ұғымдарды байланыстыра біліп, олардың арасындағы тізбектілікті анықтай алады, қисынды ой қорытындысын жасай алады, түсінік береді. Алған білімдерін дұрыс жинақтай білген оқушы оны өзінше толықтырып, дәлел келтіріп баяндай біледі.

«Бис» технологиясы бойынша әр оқушының өз сайты болады. Яғни оқушыны бағалауда МПМ бойынша бағалаймыз.

МПМ дегеніміз – «матрица посадочных мест», яғни, ол оқушының отырған орнының матрицасы. Әріптермен тігінен оқушының орны белгіленеді. Мысалы, сыныпта 3 қатар парта, онда 2 оқушыдан отырады.

Біз әріптермен 1-қатары А.Б. 2-қатарды В.Г. 3-қатарды Д.Е, деп белгілейміз. Ал 1,2,3,4 деген

парталарындағы оқушылардың рет саны. Мысалы, оқушы 1-қатардың бірінші партасында отырса, ол «А-1» болады, 1-қатардың екінші «А-2» деп белгіленеді. 2-қатар В-1, В-2. 3-қатар Г-1, Г-2 осылай жалғасып кете береді.

МПМ жұмысының мақсаты – оқу үдерісінің сапасын арттыру, хабарды ұжымдық түрде жылдам өндіру. Бұл уақытты үнемдейді. МПМ әр сабақта тақтада сызылуы тұрады, жоқ оқушылар /// белгісімен белгіленеді. Мысалы: Д-4/// жоқ деген сөз. Оқушының мұнда тегі, аты ашылмастан, кімнің сайты көрсетілсе, сол орнынан тұрып, жылдам жауап беруге тиіс.

Кезекпен сұрауға болмайды. Ойлануға 3 секунд уақыт беріледі. Жауап дұрыс болса + (**қосу**), бұрыс болса – (**алу**) қойылады.

МПМ – ашық журнал. Мұнда бала өзінің қанша сұраққа дұрыс жауап бергенін көріп отырады. Балалар әрдайым бақылауда болады. Себебі оқушының назары тақтадағы матрицада болуы керек, кімнің сайты көрсетілсе, сол жауап беруге тиіс.

Жалпы сөздік қормен жұмыс. Жалпы сөздік қор дегеніміз (ЖСК) – тақырып бойынша есінде қалған тірек сөздер. Тарау біткен соң оқушының сөздік қорын тексеру үшін есінде қалған тірек сөздерді белгіленген уақыт бойынша жаздырту.

Мұнда сан сапаға айналады. Егер тарау бойынша 100 сөз жазылу керек болса, 5 минут уақыт

беріледі. Мысалы, сыныпта 20 оқушы болса, оны жазылатын сөзге көбейтеміз. Яғни $20 * 100 = 2000$ сөз болу керек. Сыныпта әр оқушының есте сақтау қабілеті әр түрлі, сондықтан әркім әрқалай жазуы мүмкін. Біреуі 100, екіншісі -50, үшіншісі -30, т.б. Барлық жазылған сөздер санын МПМ-ға жазып есептейміз. Егер барлығы 1000 сөз болса, сыныптағы балалар тақырыпты 50%-ға, 1500 сөз болса 75%-ға меңгереді деген сөз. ЖСК-(барлық жазылған сөздер $50+60+100$), т.б. Бала санына = %; Мысалы: $1000 / 20 = 50\%$.

Бис технологиясының технологиялық карталары:

1. Жылдам жаттығу – оқушылардың күшін үнемдеу, яғни өткен тақырыптар бойынша сұрақ-жауап арқылы жылдам әрі дұрыс жауап бере білуі керек. Жылдам жаттығу оқушылардың дарынды қабілетін ашуда оқу үдерісін тереңдетеді.

2. Шұғыл есте сақтау – әр сабақтан соң қайталау сабақтарында белгілі тарау бойынша көңіл бөлу, жекелеген тапсырмалар беру арқылы шұғыл еске түсіру арқылы есте сақтау (жылдар, сандар). Жаңа сабақты игерту және өткен сабаққа белгілі тақырыптар бойынша көңіл бөлу, бір жерге күш-қуатты жинау. Тақтаға тірек сөздерін жазып, кез келгенін өшіреміз, қайта қалпына келтіріп, дәптерге жазамыз. 7 сөзді есте сақтауға 30 секунд уақыт беріледі.

3. Логикалық ойлау – есте қалғандарын тексеру.

Толық емес тапсырма, екі немесе одан көп белгісіздермен беріледі (сынақ хат, диктант);

Толық тапсырма орындайды, бірақ күрделі (сөзжұмбақ, анаграмма).

4. Сындарлы ойлау – өткен тақырыптарды үлгілерімді тексеру. Тақырып бойынша сөйлемдер қате құрастырылады.

5. Биоинтернет картасы – оқулық мәтінімен жұмыс жасай отырып, әр бала сұрақ қарастырады. Сұрақ тест күйінде немесе сұрақ күйінде де болады. Оқулықтың әр бетіне 3 минут уақыт беріледі. Әр оқушы дайын өз сұрағын келесі оқушының сайтына салады.

6. Логика картасы. Үштік тізілім.

1). Сыншы;

2). Іске асырушы.

Жұмыс барысында кіші топ болады, яғни, ол үш адамнан тұрады және әр топ мүшесінің өз алдына міндеті және тапсырмалары бар.

Сыншы – бағаланған кезде топ мүшелері әртүрлі жағдайларда өз пікірін білдіреді.

Іске асырушы – топтың ұйымшылдығына, қарым-қатынастарына, мінез-құлқына баға беріледі.

Лидер картасы бойынша жұмыс үлкен топта (10-12 адамнан) құрылып, оны бір адам басқарады.

7. Ауызша сабақ – МПМ жүргіземіз. Мәтінге 1 параққа 3 минут. Тірек сөздер 14-тен кем болмауы керек. Тақтада балалар айтуы бойынша тірек

сөздерді жазады. Өшіреміз, қалып кеткен сөзді орнына келтіреміз. Мұғалім тірек сөздермен немесе жылдармен байланысын сұрап шығады. Балалар тест құрайды. 1 сұраққа 3 жауап: 1 қатар тест түзеді, 2 қатар дайындалады. 2 минут дайындалған тесттерін келесі оқушының сайтына салады.

Қорытындылау. Сабаққа белсене араласқан оқушыларды марапаттау.

Қысқасы, оқушының білім сапасының жоғары болуы, ең алдымен, мұғалімнің дүниетанымы мен көзқарасына, шеберлігіне байланысты. Келешекте Қазақстанның қарыштап дамуына өз үлесін қосатын бүгінгі оқушы – ертеңгі азамат болғандықтан, оқу-тәрбие үдерісін жаңартып, білім сапасын арттыру – уақыт құзырындағы жауапты іс.

Әдебиеттер

М.Ж.Жадрина. Образование, ориентированное на результат, как новая модель школьного образования. Открытая школа, 2003, №127

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются формы и методы работы по привитию интереса к языку, путем применения метода технологии «Бис».

Summary

In this article is spoken about forms and methods of work on developing the interests of students to language using methods of technology «bis»

КЕСТЕ № 7 ЗАТ ЕСІМ

сұрақтары	Мағынасына қарай	Құрамына қарай	Тұлғасына қарай	Зат есім жасайтын жұрнақтар	Зат есім жасайтын жұрнақтарға мысал келтір
Мысал келтір					

КЕСТЕ № 8 КӨПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ

№	з а т есім	-лар	-лер	-дар	-дер	-тар	-тер
1.							
2.							
3.							
4.							

КЕСТЕ № 9 СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАР

септік атауы	сұрақтары	жалғаулары	мысалы
Атау септік	кім? не? кімдер? нелер?	-	а д а м , Қазақстан

КЕСТЕ № 10 ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУ

жақ	тәуелдік жалғаулар			
	дауыстыдан кейін		дауыссыздан кейін	
	жекеше	көпше	жекеше	көпше
I жақ				
II жақ				
сыпайы түрі				
III жақ				

КЕСТЕ № 11 ЖІКТІК ЖАЛҒАУ

жақ	Жіктік жалғаулар			
	дауыстыдан кейін		дауыссыздан кейін	
	жекеше	көпше	жекеше	көпше
I жақ				
II жақ				
сыпайы түрі				
III жақ				

КЕСТЕ № 12 СЫН ЕСІМ

Сұрақтары	
Мағынасына қарай түрлері (мысал келтір)	1. 2.
Сын есім тудыратын жұрнақтар	
Сын есімнің шырайлар атауы (жасалу жолдары және мысал келтір)	
Сын есімнің сөйлемдегі қызметі	

КЕСТЕ № 13 САН ЕСІМ

Сан есімнің түрлері	1.	2.	3.	4.	5.	6.
Жұрнақтары						
Мысалы						

КЕСТЕ № 14 ЕСІМДІК

Есімдіктің түрлері						

КЕСТЕ № 15 ЕТІСТІК

Сұрақтары	
Құрамына қарай	
Тұлғасына қарай	
Мағынасына қарай түрлері және мысал келтір.	
Сөйлемдегі қызметі	

КЕСТЕ № 16 ЕТІСТІК

етістіктер	негізгі етістік	туынды етістік	дара етістік	күрделі етістік	болымды етістік	болымсыз етістік	салт етістік	сабақты етістік

КЕСТЕ № 17 ЕТІС

ЕТІС (ЖҰРНАҚТАРЫ, МЫСАЛ)			
өздік етіс	өзгелік етіс	ырықсыз етіс	ортақ етіс

КЕСТЕ № 18 ЕСІМШЕ

Есімшенің жасалуы (жұрнақтары, мысал)			

КЕСТЕ № 19 КӨСЕМШЕ

Көсемшенің жасалуы (жұрнақтары, мысал)		

КЕСТЕ № 20 ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ
Нақ осы шақтың жалаң түрі-қалып етістіктері

Жекеше	отыр	тұр	жатыр	жүр
I жақ				
II жақ				
Сыпайы түрі				
III жақ				

Көпше				
I жақ				
II жақ				
С ы п а й ы түрі				
III жақ				

КЕСТЕ № 21 КҮРДЕЛІ НАҚ ОСЫ ШАҚТА ЖІКТЕ

ЖАҚ		
I ЖАҚ		
II ЖАҚ		
СЫПАЙЫ ТҮРІ		
III ЖАҚ		

КЕСТЕ № 22 КЕЛЕР ШАҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ (ЖҰРНАҚТАРЫ, МЫСАЛ)

Болжалды келер шақ	Мақсатты келер шақ	Ауыспалы келер шақ

КЕСТЕ № 23 ӨТКЕН ШАҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ (ЖҰРНАҚТАРЫ, МЫСАЛ)

Жедел өткен шақ	Бұрынғы өткен шақ	Ауыспалы өткен шақ

КЕСТЕ № 24 ЕТІСТІКТІҢ РАЙЛАРЫ

№	райлары	жасалу жолы	мысалы
1.			
2.			
3.			
4.			


КЕСТЕ № 25 ҮСТЕУДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Түрлері							
Мысалы							

КЕСТЕ № 26 ШЫЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

КЕСТЕ № 27

ОДАҒАЙДЫҢ ТҮРЛЕРІ



КЕСТЕ № 28 СИНТАКСИС

Сөздердің байланысу түрлері	ережесі	мысалы
Қиысу		
матасу		
менгеру		
кабысу		
жанасу		

КЕСТЕ № 29 СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ

Орысша	Главные члены		Второстепенные члены		
Аудармасы					
Члены предложения	подлежащее	сказуемое	определение	дополнение	обстоятельство
Аудармасы					
Сұрақтары					
Сызба түрі					

КЕСТЕ № 29

ОҚШАУ СӨЗДЕР

КЕСТЕ № 30

САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

Мағынасына қарай	жұрнақтары	мысалдар
Ыңғайлас салалас		
Қарсылықты салалас		
Түсіндірмелі салалас		
Себеп-салдар салалас		
Талғаулы салалас		
Кезектес салалас		

КЕСТЕ № 31

САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

Мағынасына қарай	жұрнақтары	мысалдар

КЕСТЕ № 32

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР (ЖАТТАП АЛ)

Тұрақты тіркестерді жаттап ал	мағынасы	аудармасы
Қой аузынан шөп алмас		
Ит өлген жер		
Су жүрек		
Қоян жүрек		

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ИГЕРУ ПАРАҒЫ
СЫНЫБЫ _____
АТЫ-ЖӨНІ _____

БӨЛІМ	ТАҚЫРЫПТАР	БЕЛГІ	ҚОСЫМША
ЛЕКСИКА	Сөздердің тура және ауыспалы мағыналары		
	Омонимдер		
	Синонимдер		
	Тұрақты тіркестер		
	Мақал-мәтелдер		
ФОНЕТИКА	Дыбыс пен әріп		
	Дауысты дыбыстар		
	Дауыссыз дыбыстар		
	Буын		
	Тасымал		
	Үндестік заңы		
СӨЗЖАСАМ	Түбір		
	Қосымша		
МОРФОЛОГИЯ	Зат есім		
	Көптік жалғау		
	Тәуелдік жалғау		
	Септік жалғау		
	Жіктік жалғау		
	Сын есім		
	Сын есім шырайлары		

	Сан есім		
	Есімдік. Есімдіктің мағыналық түрлері		
	Етістік		
	Есімше		
	Көсемше		
	Тұйық етістік		
	Етістіктің шақтары		
	Етістіктің райлары		
	Үстеу		
	Шылау сөздер		
	Одағайдың түрлері		
СИНТАКСИС	Сөйлем		
	Сөйлем мүшелері		
	Салалас құрмалас сөйлем		
	Аралас құрмалас сөйлем		
	Сабатқас құрмалас сөйлем		
	Төл сөз бен төлеу сөз		

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілінен сабақ беру – өте қиын және жауапты жұмыс. Сондықтан мұғалім әр сабаққа жауапкершілікпен дайындалып, оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын ояту үшін жақсы әдіс-тәсілдерді қолданады.

Атақты ғалым-әдіскер Ахмет Байтұрсынұлы *«Қай әдіс жақсы?»* деген еңбегінде: *«Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу. Шеберліктің белгісі — түрлі әдісті болу, керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек».*

Әрбір сабақтың мазмұнына сай әдістер мен тәсілдерді дұрыс таңдап оқытқанда ғана біз, мұғалімдер, басқа ұлт өкілдерін қазақ тілін өз ынтасымен қызыға, түсініп оқуға, қадірлеуге, жақсы меңгеруге, ауызекі дұрыс сөйлеуге үйретеміз. Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат

болып отыр. Ол – тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық-коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің заманауи әдісі.

Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауында ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті:

Компьютерлік техниканы, ғаламтор, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы – жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен бірге шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек деген еді.

Қазіргі заман мұғалімі – тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білімді және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек.

Сабақ барысында компьютерді қолданудың жақсы жақтары:

1. Түрлі-түсті иллюстрациялар есте сақтау процесі үшін пайдалы.

2. Әр сабақта әрекетінің бес түрі де қолданылады: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім.

3. Бірнеше рет тыңдау мен оқып-білген материалдарды қайталай алады.

Ең тиімді бағдарламалардың бірі – Microsoft Power Point. Ол мұғалімге қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп, компьютерлік білімін жетілдіруге көмектеседі. Және ол оқушылардың түрлі қабілеттерін ашады. Олар: есте сақтау, көру, есту, ойлау, эмоционалды және т.б.

Интерактивті тақта мен тұсаукесерді бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Қазақ тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушылар:

- лексиканы оқып үйренеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйренеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсініп, есте сақтау қабілетін арттырады.

Мысалы, жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге

тырысамын. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеймін. Ол үшін оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолданамын.

Олар:

- Жеке шығармашылық тапсырмалар, жобалар;
- Блок-схема, класстер, вен. диаграмма т.б.;
- Тірек-сызба, көрнекіліктер және анықтама құралдары;
- Ойын арқылы оқыту;
- Сөзжұмбақ, ребустар;
- Тестілеу және бақылау.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеудің артықшылықтары:

- Бағдарлама бойынша барлық топ оқушыларына қолайлы;
- Берілген материалды әсерлі жеткізуге және оны топтағы оқушылар арасында талқылауға үлкен мүмкіндіктер туғызады;
- Интерактивті тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналуына байланысты орталықтан көрсетуге қолайлы жағдай туғыза алады;
- Оқытушының, оқушының да қызығушылығын арттырып, сабақты тартымды өткізуге

ынталандырады;

– Оқушы алдына жаңа материалды жанды түрде көрсете отырып, танымдық қабілетін арттыруға мүмкіндік алады.

Интерактивті оқыту моделін пайдалану – өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, рөлдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады.

Оқу процесінің қандайда бір қатысушысын немесе идеяны ерекшелеуді шектейді. Әр ұстаз өз бетінше топпен жұмыстың жаңа түрлерін ойлап таба алады. Оқушылар бір-біріне сұрақ қойып және оған жауап беруді үйрететін, жұптасып жұмыс істеу әдісі сабақтарда жиі қолданылады.

Мысалы:

1. «Ассоциация»

Оқушылар топпен, жұп немесе жеке тапсырма алады.

Мәтіннің тақырыбын естігеннен кейін қандай ассоциация пайда болды? Мәтін не (кім)туралы қалай деп ойлайсыздар?

2. «Сұрақ-жауап»

Мәтінді тыңдап, бір-біріне сұрақ қояды, өздерінің жауаптарынан мәтін құрастырады. Құрастырған мәтін мен аудио мәтінді қайта тыңдап, салыстырады.

3. «Айтылым әрекеті»

Мәтіннің басын тыңдап, аяғын өзі құрастырып, аяқтайды.

4. «Сөйлесім әрекеті»

Аудио мәтінді бірнеше рет тыңдап, кейіпкердің сөйлеу тіліне, яғни әріптердің айтылуына қарап, сөйлеуші рөліне еніп сөйлейді.

5. «Тыңдалым әрекеті»

Мәтінді тыңдап, мәтін мазмұнына сай әуен тыңдайды.

6. «Жазылым әрекеті»

Деңгейлік тапсырмаларды орындайды.

Оқушылардың қазақ тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруда көп ізденіп, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруді, әртүрлі әдіс-тәсілдерді білуді қажет деп санаймын.

Жаңа ақпараттық құралдарды қазақ тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі;
- оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- оқушылардың шығармашылығын арттырады;
- оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- пікірталас, талдау, анализ жасау мүмкіндіктерін арттырады;

Сонымен, интерактивті тақтаны қазақ тілі сабақтарында пайдалану – сабақтың негізгі тапсырмаларын білуді жеңілдетеді, мәліметтер мен

жаңа ұғымдарды есте берік сақтауға ықпал жасайды. Ұсынылып отырған технологияда заман талабына сай интерактивті тақтаның мол мүмкіндігін пайдалану – оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін арттырып, белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін дамытып, шығармашылық қырын қалыптастырады.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабағында компьютер және тағы басқа жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану – заман талабы. Жаңа дәуірдегі Жаңа Қазақстанымыздың дамып келе жатқан қадамында оқу үрдісіне жаңа ақпараттық технологиялардың енгізілуі де келешекте компьютер заманы болатынына көз жеткізеді.

«Ұстаз жан-жақты ізденісті қажет етеді. Нашар ұстаз – шындықты қайталайды, жақсы ұстаз – сол шындықты іздеп табуға үйретеді» – деп ұлы ойшыл А. Дистерверг айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты. Өз білімімді үздіксіз көтеріп, үнемі ізденіс үстінде боламын деген үміттемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы.
2. Қазақстан мектебі. № 11, 2004
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» (Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы)
4. «Обучение для будущего» Проектная деятельность в информационной образовательной среде 21 века. Астана 2009г.
5. Қазақ тілі мен әдебиет орыс мектебінде. №4,8 – 2006ж, №3, 9 – 2008, 7,9 – 2009ж
6. Байтұрсынов А. Жаңа мектеп, 1928 ж, № 4, 3б.

Ш.Б. ӘБЛЕМОВА,
«Бірінші қалалық жалпы білім
беретін лицей» КММ
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті
пәні мұғалімі.
СҚО, Петропавл қаласы

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША 5-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ТОҚСАНДЫҚ ЖӘНЕ ЖЫЛДЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ҮЛГІЛЕРІ

«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТАР ДОСТАСТЫҒЫ» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ (IV ТОҚСАН 5-СЫНЫП)

Оқу мақсаты	Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде тапсырмаларды орындау. Жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу.
Бағалау критерийі	Білім алушы <ul style="list-style-type: none"> • Мәтінде берілген мәліметтерді қолданады. • Жазба жұмыстарында қосымшаларды дұрыс қолданады. • Шағын диалогке қатысу арқылы сұрақты түсінгендігін көрсетеді.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну. Қолдану.
Орындау уақыты	20-25 минут

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну.	1	<ul style="list-style-type: none"> •мәтіннің мазмұнын түсінеді. •нақты ақпараттарды анықтайды. •сұрақтарды дұрыс түсінеді. •мәтінге сәйкес ақпаратты таңдайды. •мәтінді тыңдап, сөйлемді жалғастырады. 	1 1 1 1 1
Жазба жұмыстарында қосымшалар мен сөздерді қолданып жазу.	2	<ul style="list-style-type: none"> •жалғауларды орфографиялық нормаға сай қолданады. •мәтіндегі негізгі ақпараттарға қатысты сөздер немесе сөз тіркестерін анықтайды. 	1 1
Шағын диалогке қатысу арқылы сұрақты түсінгендігін көрсетеді	2	<ul style="list-style-type: none"> •тақырыпқа қатысты жұбына сұрақтар қояды. •жұбының қойған сұрақтарына жауап береді •сұрақтар мен жауаптарды дұрыс құрастырады. 	1 1 1
БАРЛЫҒЫ			10

I нұсқа

I. Тыңдалым. Аудиомәтінді тыңдаңыз, тапсырмаларды орындаңыз.

Қазақстан Республикасында 130-дан астам ұлттың өкілдері тұрады. Олар: орыс, неміс, ұйғыр, өзбек, украин және т.б. Қазақстан – түрлі ұлт өкілдерінің басын қосқан ұлы мекен. Қазақтар басқа ұлт өкілдерін ерекше ықыласпен бауырына басты. Барлық ұлттың өкілдері бір атаның балаларындай ынтымақтастықта өмір сүріп келеді. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халқы ассамблеясы құрылды. Оның төрағасы - Қазақстан

Республикасының Президенті. Көптеген ұлт өкілдерінің біздің елімізге келу тарихы «Жерұйық» фильмінде жақсы көрсетілген. Фильмде Қазақстанға жер аударылып келген ұлттардың ауыр жағдайы бейнеленеді. Фильм халқымыздың бауырмалдығын, жомарттығын көрсетеді. Қазіргі таңда фильмде көрсетілген ұлт өкілдері бірлікте, татулықта өмір сүріп жатыр.

1. Мәтінге сәйкес емес ақпаратты таңдаңыз.

А). Ұлт өкілдерін ерекше ықыласпен бауырына басты.

В). Ұлт өкілдерінің біздің елімізге келу тарихы «Жерұйық» фильмінде жақсы көрсетілмеген.

С). Ұлттың өкілдері бір атаның балаларындай ынтымақтастықта өмір сүріп келеді.

Д). Ұлт өкілдерінің басын қосқан ұлы мекен.

2. Артық сөзді табыңыз.

А). 1995 жылы;

В).130-дан астам№;

С). 1996 жылы;

Д). 1 наурызда.

3. Сөйлемді жалғастырыңыз.

А). Фильмде Қазақстанға жер аударылып келген ұлттардың бейнеленеді.

В). Фильм халқымыздың ... , ... көрсетеді.

С). Фильмде көрсетілген ұлт өкілдері ... , ... өмір сүріп жатыр.

II. Жазылым. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды жаз.

А). Ән – халықтың мұрас... .

В). Мен де анаммен қосылып ән айта

С). «Атамекен» - туған жер ... арналған ән.

III. Айтылым. Жұпта «Қазақстандағы ұлттар достастығы» деген тақырыпта диалогке түсіңіз.

II. НҰСҚА

I. Тыңдалым. Аудиомәтінді тыңдаңыз, тапсырмаларды орындаңыз.

Қазақстан Республикасында 130-дан астам ұлттың өкілдері тұрады. Олар: орыс, неміс, ұйғыр, өзбек, украин және т.б. Қазақстан – түрлі ұлт өкілдерінің басын қосқан ұлы мекен. Қазақтар басқа ұлт өкілдерін ерекше ықыласпен бауырына басты. Барлық ұлттың өкілдері бір атаның балаларындай ынтымақтастықта өмір сүріп келеді. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халқы ассамблеясы құрылды. Оның төрағасы – Қазақстан Республикасының Президенті. Көптеген ұлт өкілдерінің біздің елімізге келу тарихы «Жерұйық» фильмінде жақсы көрсетілген. Фильмде Қазақстанға жер аударылып келген ұлттардың ауыр жағдайы бейнеленеді. Фильм халқымыздың бауырмалдығын, жомарттылығын көрсетеді. Қазіргі таңда фильмде көрсетілген ұлт өкілдері бірлікте, татулықта өмір сүріп жатыр.

1. Мәтінге сәйкес емес ақпаратты таңдаңыз.

А). Оның төрағасы - Қазақстан Республикасының Президенті.

В). Барлық ұлттың өкілдері бір атаның балаларындай ынтымақтастықта өмір сүріп келеді.

С). Фильмде Қазақстанға жер аударылып келген ұлттардың ауыр жағдайы бейнеленбейді.

Д). Президентінің Жарлығымен Қазақстан халқы ассамблеясы құрылды.

2. Артық сөзді табыңыз

А). 2 наурызда;

В). 130-дан астам;

С). 1995 жылы;

Д). 1 наурызда.

3. Сөйлемді жалғастырыңыз

А). Ұлт өкілдерінің келу тарихы «...» фильмінде жақсы көрсетілген.

В). Ұлт өкілдерінің басын қосқан

С). Ұлттың өкілдері бір атаның балаларындай ынтымақтастықта келеді.

II. Жазылым. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды жалғап жаз.

А). Ән – адамның көңіл күй

В). Мен «Атамекен» әнін жақсы көре

С). Ескендір Хасанғалиев Швеция елін ... осы әнді айтады.

III. Айтылым. Жұпта «Қазақстандағы ұлттар достастығы» деген тақырыпта диалогке түсіңіз.

ТАҚЫРЫП: «ҰЛЫ ДАЛА ТАБИҒАТЫ»

Оқу мақсаты	Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау
Бағалау критерийі	Білім алушы <ul style="list-style-type: none"> • Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру. • Жазба жұмыстарында қосымшаларды дұрыс қолданады. • Шағын диалогті құрастыру арқылы тақырыпты түсінгендігін көрсетеді.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну. Қолдану
О р ы н д а у уақыты	20-25 минут

Б а ғ а л а у критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
Т ы ң д а ғ а н мәтіннің мазмұнын түсіну.	1	Сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша 1 сөйлеммен жауап береді; <ul style="list-style-type: none"> • 1-сұрақ • 2-сұрақ 	1 1
Ш а ғ ы н диалог құру арқылы өткен тақырыптарды түсінгендігін көрсетеді.	2	•суреттерге қатысты сұрақтарды дұрыс құрастырады. •жауаптарды дұрыс құрастырады.	1 1
Ж а з б а жұмыстарында қосымшалар мен сөздерді қолданып жазу	3	• ж а л ғ а у л а р д ы о р ф о г р а ф и я л ы қ нормаға сай қолданады •өз ойларын еркін жеткізеді	1 2
Барлығы			7

I нұсқа

I. Тыңдалым. Аудиомәтінді тыңдаңыз, тапсырманы орындаңыз.

Ақсу-Жабағылы – Қазақстан жерінде 1926 жылы ең алғаш ашылған қорық. Қорық Талас Алатауының етегінде орналасқан. Мұнда ең ірі Ақсу өзені және одан кіші Жабағылы өзендері ағады. Ақсу-Жабағылыда жазықтар, биік шыңдар, таулар, өзендер, сарқырмалар бар. Бұл қорық – сан алуан өсімдіктер мен түрлі жануарлардың мекені. Қорықта алманың 20 шақты түрі өседі.

Ақсу-Жабағылы қорығында құстардан дала бүркіті, қарақұс, кекілік, лашын тіршілік етеді. Ал барыс, қоңыр аю, арқар «Қызыл кітапқа» тіркелген. Сонымен қатар елік, таутеке, жабайы шошқа қорғауға алынған.

	Сұрақ	Жауап
1.	Қандай жануарлар қорғауға алынған?	
2.	Қорықтың пайдасы бар ма?	

II. Айтылым. Суреттер бойынша шағын диалог құр.

III. Жазылым. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен қай жерде тудың?
2. Туған жеріңнің табиғаты қандай?
3. Туған жеріңді жақсы көресің бе? Жақсы көрсең, не себепті?

II нұсқа

I. Тыңдалым. Аудиомәтінді тыңдаңыз, тапсырманы орындаңыз.

Ақсу-Жабағылы – Қазақстан жерінде 1926 жылы ең алғаш ашылған қорық. Қорық Талас Алатауының етегінде орналасқан. Мұнда ең ірі Ақсу өзені және одан кіші Жабағылы өзендері ағады. Ақсу-Жабағылыда жазықтар, биік шындар, таулар, өзендер, сарқырмалар бар. Бұл қорық – сан алуан өсімдіктер мен түрлі жануарлардың мекені. Қорықта алманың 20 шақты түрі өседі.

Ақсу-Жабағылы қорығында құстардан дала бүркіті, қаракүс, кекілік, лашын тіршілік етеді. Ал барыс, қоңыр аю, арқар «Қызыл кітабына» тіркелген. Сонымен қатар елік, таутеке, жабайы шошқа қорғауға алынған.

	Сұрақ	Жауап
1.	Қорық ненің мекені?	
2.	Қорықта қандай өзендер бар?	

II. Айтылым. Суреттер бойынша шағын диалог құр.

III. Жазылым. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстанның қайдай көрікті жерлерімен таныстың?
2. Қазақстанның көрікті жерлерінде болдың ба?
3. Сен тұратын жердің табиғаты қандай? Сен тұратын жерде көл, өзен, биік тау бар ма?

5-сынып

«Қазақ тілі» пәнінен 4-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Оқу мақсаты	Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау
Бағалау критерийі	Білім алушы <ul style="list-style-type: none"> • Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сөйлемдерді толықтыру. • Жазба жұмыстарында сөздерді дұрыс орналастыру. • Мақал-мәтелдің жалғасын жазу. • Мәтін құрастыру арқылы тақырыпты түсінгендігін көрсетеді.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну. Қолдану.
Орындау уақыты	40 минут

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	3	Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдерді толықтырады	1 1 1
		1 сөйлеммен жауап береді;	
		• 1-сөйлем	
		• 2-сөйлем	
		• 3-сөйлем	

Жазба жұмыстарында сөздерді дұрыс қолданып, сөйлем құрайды. Мақал-мәтелдің жалғасын жазады.	2	•сөздерді дұрыс орналастырып, сөйлем құра. •мақал-мәтелдің жалғасын жазу.	1 1
Мәтін құру арқылы өткен тақырыптарды түсінгендігін көрсетеді.	1	• суреттер бойынша сөйлемдер құрастырады.	1
Барлығы			7

I нұсқа

I. Тыңдалым. Аудиомәтінді тыңдаңыз, тапсырманы орындаңыз.

Қазақстанның жерінде әлемдегі табиғи қазба байлықтардың барлық түрі орасан зор көлемде бар деуге болады.

Қазақстандағы ең ірі өзендер – Ертіс, Сырдария, Іле, Есіл және Тобыл. Ауа райы әр түрлі болып келеді. Ең биік шың республикамыздың оңтүстік-шығысындағы Тянь-Шань тауындағы Хан Тәңірі шыңы.

Елімізде 158 түрлі сүтқоректілер, 485 түрлі құстар, 15-ке жуық балықтар мен көптеген жануар-эндемиктер кездеседі. Олар тышқан, сайғақ, т.б. Қазақстанның өсімдіктері сан-алуан, әрі бай. Мысалы, бір ғана дәрі жасайтын өсімдіктің өзі 150-ге жуық.

Қазақстанда 6 қорық бар. Көптеген жануарлар мен өсімдіктер үкіметтің қамқорлығында. Олардың ішінде Алматы қаласының рәмізіне айналған тау

барысы мен Республика туында бейнеленген бүркіт те бар.

Сөйлемдерді толықтыр.

1. Ауа райы болып келеді.
2. Ең биік шың шыңы.
3. Қазақстандағы ең ірі өзендер – ... , ... ,

II. Жазылым.

1-тапсырма. Сөздерді дұрыс орналастырып, сөйлем құрап жаз.

1. Басын/түрлі/ұлы/мекен/ұлттың/өкілдерінің/Қазақстан/қосқан.
2. Мен / бүгінде/ ордасына/ ұлттар/ айналды/Қазақстан/пен/ұлыстар.

2-тапсырма. Мақал-мәтелдің жалғасын жаз.

1. Күш

III. Айтылым. Суретті пайдаланып, мәтін құра.

II нұсқа

I. Тыңдалым. Аудиомәтінді тыңдаңыз, тапсырманы орындаңыз.

Қазақстанның жерінде әлемдегі табиғи қазба байлықтардың барлық түрі орасан зор көлемде бар деуге болады. Қазақстандағы ең ірі өзендер – Ертіс, Сырдария, Іле, Есіл және Тобыл. Ауа райы әр түрлі болып келеді. Ең биік шың – республикамыздың оңтүстік-шығысындағы Тянь-Шань тауындағы Хан Тәңірі шыңы.

Елімізде 158 түрлі сүтқоректілер, 485 түрлі

құстар, 15-ке жуық балықтар мен көптеген жануар-эндемиктер кездеседі. Олар тышқан, сайғақ т.б. Қазақстанның өсімдіктері сан-алуан, әрі бай. Мысалы, бір ғана дәрі жасайтын өсімдіктің өзі 150-ге жуық.

Қазақстанда 6 қорық бар. Көптеген жануарлар мен өсімдіктер үкіметтің қамқорлығында. Олардың ішінде Алматы қаласының рәмізіне айналған тау барысы мен Республика туында бейнеленген бүркіт те бар.

Сөйлемдерді толықтыр.

1. Қазақстанның өсімдіктері ... -
2. Бір ғана дәрі жасайтын өсімдіктің өзі ... -ге жуық.
3. Елімізде ... түрлі сүтқоректілер, ... түрлі құстар кездеседі.

II. Жазылым.

1-тапсырма. Сөздерді дұрыс орналастырып, сөйлем құрап жаз.

1. Қазақ/ ықыласпен/ халқы/ өкілдерін/ қазақ/ алды/ ерекше/ басқа/ ұлт.
2. Сүріп/ ынтымақтастықта/ ұлттың/ балаларындай/ қазақ/ бір/ өмір/ жерінде/ ұлан-байтақ/ барлық/ өкілдері/ атаның/ келеді.

2-тапсырма. Мақал-мәтелдің жалғасын жаз.

1. Береке көзі

III. Айтылым. Суретті пайдаланып, мәтін құра.

А. С.ТӨЛЕГЕНОВА,
«Бірінші қалалық жалпы
білім беретін лицей» КММ
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті
пәні мұғалімі.
СҚО,
Петропавл қаласы

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
7-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН
ТОҚСАНДЫҚ ЖӘНЕ ЖЫЛДЫҚ
ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ҮЛГІЛЕРІ**

**№ 1. «ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ
ҚАЙДАСЫҢ?» БӨЛІМІ БОЙЫНША
ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ**

Оқу мақсаты	Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру. Берілген тақырыптардың бірін таңдап әңгімелеу. Жазылым бойынша берілген тапсырмаларды орындау.
Бағалау критерийі	Білім алушы 1. Мазмұнға бағытталған сұрақтарға жауап береді. 2. Тақырып бойынша әңгімелейді. 3. Тапсырмаларды орындайды.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну.
Орындау уақыты	15-25 минут

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мазмұнға бағытталған сұрақтарға жауап береді.	1	Сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша 1 сөйлеммен жауап береді; 1-сұрақ 2-сұрақ 3-сұрақ	1 1 1
Берілген тақырыптардың біреуін таңдап әңгімелейді.	2	Тақырып таңдап әңгімелейді.	2
Берілген мақал-мәтелдерді толықтырады.	3	Көп нүктенің орнына қажетгі сөздерді қойып жазады.	2
Барлығы			7

I нұсқа

1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдаңыз, тапсырманы орындаңыз.

Біз тәуелсіз мемлекетте тұрамыз. Осы егеменді еліміздің болашағы – жас ұрпақ, бізбіз. Тәуелсіздігімізге ата-бабамыздың арқасында қол жеткіздік. Сондықтан біз оларға қарыздармыз. Біздің міндетіміз – ұлан-байтақ жерімізді сақтау.

1991 жылы 16 желтоқсанда өз егемендігімізді жарияладық. Қазақстан барлық салада дамуда. Ең басты міндетіміз – алдыңғы қатарлы 50 елдің қатарына қосылу. Елбасымыздың арқасында еліміз дамып, өркендеп, барша әлемге танылуда.

Қазіргі кезде жастардың отаншыл болып

өсуіне аса назар аударылып отыр. Елімізде жастарға білім мен тәрбие беру ісіне ерекше назар аударылып, барлық жағдайлар жасалған. 1993 жылы 5 қарашада елбасымыздың қаулысымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалған. Бұл деген жастардың шетелде сапалы білім алып, білім-білігін еліміздің игілігіне жарату. Алғаш рет 1994 жылы қазақстандық студенттер шетелдегі жоғары оқу орындарына жіберілді. «Болашақ» бағдарламасы бойынша 1994-2004 жыл аралығында 785 студент әлемнің 13 елінде білім алды. Қазіргі таңда осы бағдарлама бойынша білім алған түлектер мемлекеттік қызметте, мемлекеттік және халықаралық ұйымдарда жауапты қызметтерді атқарып жүр. Ел Президентінің «Бұл заман – білекке сенетін емес, білімге сенетін заман», деуі бекер емес.

1. Мәтіннің тақырыбы қандай?
2. Болашақ жастардың басты міндеттері қандай?
А).
В).
3. Қазақстанның егемендікке қол жеткізген кезі.

2-тапсырма. Айтылым.

«Мен Қазақстанның болашағымын», «Ел ертеңі –

білімді жастар», «Еліміздің болашағы жастардың қолында» тақырыптардың бірін тандап әңгімелеңіз.

3-тапсырма. Жазылым.

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

1. *Кітап – рухани*
2. *Кітап – білімнің ... бұлағы.*
3. *Кітап оқымай, білім алу ... емес.*
4. *Кітап оқу – миға жасалған*

II нұсқа

1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдаңыз, берілген сұрақтарға толық жауап беріңіз.

1. Мәтіннің негізгі идеясы қандай?
2. Болашақ жастарға қандай жағдайлар жасалған?

А).

В).

3. Президент жастарға не тағайындады?

2-тапсырма. Айтылым.

«Мен Қазақстанның болашағымын», «Ел ертеңі – білімді жастар», «Еліміздің болашағы жастардың қолында» тақырыптардың бірін тандап әңгімелеңіз.

3-тапсырма. Жазылым.

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

1. Күш – білімде, білім –

2. Адамның ойын байытып, білім нәрімен сусындататын орта -

3. ... ерта жастан кітаппен дос болса, ... көзі ашық, көкірегі ояу адам болып қалыптасады.

4. Кітапты бар ..., ..., ..., ... оқыңыз.

№ 2. «Ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.

Оқу мақсаты	Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру. Шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, жоспарға сүйеніп әңгімелеу.
Бағалау критерийі	Білім алушы 1. Мазмұнға бағытталған сұрақтарға жауап береді. 2. Жоспар бойынша әңгімелейді.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну.
Орындау уақыты	15-25 минут

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	1	<ul style="list-style-type: none"> • мәтіннің мазмұнын түсінеді • нақты ақпараттарды анықтайды • сұрақтарды дұрыс түсінеді • мәтінді тыңдап, сөйлемді толықтырады 	1 1 1 1
Жазба жұмыстарында қосымшалар мен сөздерді қолданып жазу.	2	<ul style="list-style-type: none"> • ұялы телефондарды сипаттайды • ерекшеліктерін айтады. 	1 1
Берілген мәтін арқылы сұрақты түсінгендерін көрсетеді.	3	<ul style="list-style-type: none"> • сұрақтарға дұрыс жауап береді. 	1
Барлығы			7

І НҮСҚА

1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдаңыз, көп нүктенің орнын толтырыңыз.

EXPO – бүкіләлемдік бірегей көшпелі көрме. Бұл дүниежүзілік экономикалық форумдармен, әлемдік деңгейдегі жарыстармен салыстыруға болатын үлкен оқиға.

EXPO халықаралық көрмесі жыл өткен сайын дүниежүзіне танылып келеді.

Қазақстан 1997 жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше болды. Еліміз EXPO көрмелеріне 2005 жылдан бастап қатысып келеді.

Бұл көрме биыл Астана қаласында өткізілді. Көрмеге дүниежүзіндегі ғылым мен техниканың жетістіктері қойылды. Көрме ауқымды жобалар мен ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, күн, жел, теңіз, мұхит энергиясының көздері мен жаңа технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. Кез келген адам көрмеге қатысып, әлемнің экономикалық, технологиялық және мәдени жетістіктерімен таныса алды. Сондай-ақ көрмені миллиондаған турист тамашалады.

Мұндай көрмені өткізудің мақсаты – мемлекеттің имиджін қалыптастыру, әлемдік нарықта бәсекеге бейімді мемлекет құру, елімізге туристерді тарту.

1. Бұл дүниежүзілік экономикалық ..., әлемдік деңгейдегі ... салыстыруға болатын үлкен оқиға.

2. Қазақстан ... жылдан бастап ... көрмелер бюросына мүше болды.

3. Көрме ауқымды ... мен ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, ..., ..., ..., ... энергиясының көздері мен жаңа технологияны пайдалануға мүмкіндік береді.

2-тапсырма. Айтылым.

Ұялы телефонның пайдасы мен зияны туралы айтыңыз.

3-тапсырма. Жазылым.

Берілген мәтінді

пайдаланып, сұрақтарға жауап жазыңыздар.

Ұялы телефонның тарихы 1973 жылдың 3 сәуірінен басталады. Ұялы телефонды ойлап тапқан Motorola компаниясының қызметкері Мартин Купер болды. Өнертапқыш адам баласы телефонды өзімен бірге алып жүру идеясын жүзеге асырды. Әлемдегі алғашқы ұялы телефонның салмағы 1,15 келі болса, өлшемдері 22,5x12,5x3,75 см-ге тең еді. Жарық диодты дисплей теріп жатқан телефон нөмірін көрсету функциясын атқарды. Аккумулятордың сыйымдылығы жарты сағат сөйлесуге жетсе, зарядтау процесі 10 сағатты талап ететін. Телефондар өмірдің барлық саласында қолданылуда. Ұялы телефон қазіргі заманда адамның ажырамас көмекшісіне айналды.

№	Сұрақтар	Жауаптар
1.	Ұялы телефондардың тарихы қай уақыттан басталады?	
2.	Өнертапқыш адам үшін қандай телефонды ойластырды?	
3.	Бірінші телефонның салмағы қанша болған?	
4.	Алғашқы телефон өлшемдері қаншаға тең болған?	

II нұсқа

1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдаңыз, көп нүктенің орнын толтырыңыз.

1. ЕХРО – бүкіләлемдік көрме.

2. Еліміз ... көрмелеріне ... жылдан бастап қатысып келеді.

3. Мұндай көрмені өткізудің мақсаты – мемлекеттің имиджін ..., әлемдік нарықта бәсекеге бейімді , елімізге туристерді тарту.

2-тапсырма. Айтылым.

Ұялы телефонның пайдасы мен зияны туралы айтыңыз.

3-тапсырма. Жазылым. Берілген мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап жазыңыздар.

Ұялы телефон.

Ұялы телефонның тарихы 1973 жылдың 3 сәуірінен басталады. Ұялы телефонды ойлап тапқан Motorola компаниясының қызметкері Мартин Купер болды. Өнертапқыш адам баласы телефонды өзімен бірге алып жүру идеясын жүзеге асырды. Әлемдегі алғашқы ұялы телефонның салмағы 1,15 келі болса, өлшемдері 22,5x12,5x3,75 см-ге тең еді. Жарық диодты дисплей теріп жатқан телефон нөмірін көрсету функциясын атқарды. Аккумулятордың сыйымдылығы жарты сағат сөйлесуге жетсе, зарядтау процесі 10 сағатты талап

ететін. Телефондар өмірдің барлық саласында қолданылуда. Ұялы телефон қазіргі заманда адамның ажырамас көмекшісіне айналды.

№	Сұрақтар	Жауаптар
1.	Ұялы телефонды алғаш рет ойлап тапқан кім?	
2.	Қазіргі телефондардың қолдану аясы қандай?	
3.	Бірінші телефон аккумуляторының сыйымдылығы қанша сағатқа жеткен?	
4.	Адамның ажырамас көмекшісі не?	

7-СЫНЫП

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІНЕН 4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Оқу мақсаты	Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау
Бағалау критерийі	<p>Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сөз тіркестерін құрастыру. Жазба жұмыстарында сөздердің аудармасын анықтау, сөздердің синонимдерін анықтау, сөйлемдер құрастыру. Өзінің, достарының өмірі жайлы әңгімелеу, мақсат және себеп-салдар үстеулерді қолдану.

Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну. Қолдану
Орындау уақыты	40 минут

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну.	1	<ul style="list-style-type: none"> тыңдалым мәтінін түсінеді; сөздермен сөз тіркестерін құрайды; мәтіннің не туралы екенін, ойын анықтайды; ғалымдардың қорытындысын айтады; сұрақтарға мәтін бойынша нақты жауап береді. көтерілген мәселені анықтайды. 	1 1 1 1 1
Жазба жұмыстарында қосымшалармен сөздерді қолданып жазу.	2	<ul style="list-style-type: none"> сөздердің аудармасын анықтайды; сөздердің синонимдерін табады; сөз тіркестерін жасайды; тақырыптық сөйлемдер құрайды. берілген кестені толтырады; оқылым деректерін қолданады; ойын дәлелдеп жеткізеді. 	1 1

Берілген мәтін арқылы сұрақты түсінгендерін көрсетеді.	3	•Өзінің, достарының өмірі жайлы әңгімелейді, мақсат және себеп-салдар үстеулерін қолданады.	2
Барлығы			10

I нұсқа. 1-тапсырма. Тыңдалым. Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Төмендегі сөздермен тыңдалым мазмұнына сай сөз тіркестерін құрастырыңыз.

Ақпараттық технология – алға қойған мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер мен заманауи техникалар.

Ақпараттық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуді, оқу барысында компьютерді пайдалану, электрондық оқулықтарды қолдану, ғаламторда жұмыс істеуді білдіреді.

Ақпараттық технология жан-жақты болуға, сапалы білім алуға, іскер әрі талантты болып өсуге, шығармашылықпен айналысуға, еркін дамуға жол ашады. Білім беруді ақпараттандырудың басты құралы – компьютер. Қазір көптеген электрондық, мультимедиялық оқулықтар бар. Олар – ақпараттық технологияның жетістігі.

1. Заманауи;
2. Жан-жақты;
3. Сапалы;
4. Жетістік.

2-тапсырма. Жазылым. Төмендегі кестені

толтырыңыз. Тақырыпқа қатысты сөз тіркестері мен сөйлемдер құраңыз.

Сөздер	Аудармасы	Синонимі	С ө з тіркестері	Сөйлем
Болашақ				
Пайдалану				
Көркейту				
Мүмкіндік				

3-тапсырма. Айтылым. Өзіңнің, достарыңның өмірі жайында әңгімеле. Мақсат және себеп-салдар үстеулерін пайдаланыңыз.

II нұсқа

Тыңдалым.

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз. Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Ғаламтор несімен зиян?

Ғаламторға, оның ішінде қоғамдық желілерге тәуелді жастар ғалымдардың соңғы зерттеулері бойынша өзіне деген сенімділігін жоғарылатады екен. Психологтар қоғамдық желілер арқылы танысып, тілдесу адамның батылдығына, өзіне беретін бағасына әсер ете алады, ол көрсеткіштерді жақсы жаққа қарай өзгертеді дейді. Алайда, мамандардың айтуынша қоғамдық желіге құмар жандар күнінің көп бөлігін компьютердің алдында отырып өткізеді. Сол себепті олар артық салмақ жинағандарын да байқамай қалады екен. Тағы

бір қызық жайт: компьютер мен ғаламторға әуес жандардың банкротқа ұшырап, бар жиғандарынан айырылу мүмкіндіктері жоғары екен. Зерттеулерге мүлдем компьютер қоспайтын, қоғамдық желілерде бірнеше сағат және күні бойы отыратындар да қатысты. Нәтижелер қуантпады: ғаламторға тәуелді болғандардың басым бөлігі компьютердің алдында тамақ пен газдалған сусындармен отырады. Сондай-ақ, неге екені белгісіз, компьютер алдында бар уақытын өткізетіндердің кредиттері бойынша қарыздары және басқа да ақшалай қиындықтары көбірек. Сонымен, ғалымдар ғаламтормен тым әуестену артық салмақ жинау мен кедейлікке алып келеді дейді, алайда адамның өзіне деген сенімділігін көтеретіндігін де жасырмайды.

Сұрақтар:

- Мәтін не туралы?
- Ғалымдардың соңғы зерттеулері не дейді?
- «Қоғамдық желіге құмар жандар». Олар кімдер?
- Сонымен, ғаламтор пайдалы ма, зиян ба?

2-тапсырма. Жазылым. Оқылым деректерін қолданып, төмендегі кестені толтырыңыз, ойыңызды дәлелденізі.

Ғаламтор пайдалы	Ғаламтор зиян
Себебі,	Себебі,

3-тапсырма. Айтылым. Өзіңіздің достарыңыздың өмірі жайында әңгімеленізі. Мақсат және себеп-салдар үстеулерін пайдаланыңыз.

Семинар сабақ

С.Б.НҮҒМАНОВА,
Орал қаласының білім беру бөлімі
№ 17 жалпы білім беретін
орта мектеп КММ.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

М.МАҒАУИН «БІР АТАНЫҢ БАЛАЛАРЫ»

(үзінді)
Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Жүзеге асатын оқу мақсаттары	ОЗ.Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау. Ж4.Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау.
С а б а қ т ы ң мақсаты	Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсінеді, тақырыбын анықтайды. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасайды.
Күтілетін нәтиже	Барлық оқушылар келесіге қабілетті: Мәтіндегі ақпараттардың нақтылығын белгілейді. Оқушылар көпшілігі келесіге қабілетті: Мәтіндегі негізгі ақпаратқа қатысты тірек сөздерді анықтайды. Кейбір оқушылар келесіге қабілетті: Мәліметтерді іріктеп, ойын өмірмен байланыстыра алады. Кейіпкерді баяндау арқылы көркем әдеби шығарманы түсінгендігін көрсетеді.

Тілдік міндеттер	<ul style="list-style-type: none"> • Бірлік, ел тыныштығы, бауырмалдық, ұлттар достастығы. • Оқушылар орындай алады: • Мәгінді түсінеді, тірек сөздерді қолдана алады. • Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: жетім, сөзге құлақ салу, шалғай, ересек, қолағаштай, жағалай, панасыз. 	
Құндылықтар	Адами құндылықтар. Бауырмалдық, достастық, бірлік.	
Осыған дейін меңгерілген білім	М.Мағауин	
Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дерек көздер
«Мен еліме тілеймін» тренингі 3 мин. (Түсті ленталарды пайдаланып шаңырақ көтереміз)	<p>Қызығушылықты ояту, сергіту сәті. Оқушылар ортаға шығады.</p> <p>- Қандай тақырыпты өтіп жатырмыз?</p> <p>- Қазақстандағы ұлттар достастығы.</p> <p>- Сабағымызды тілек айтудан бастайық.</p> <p>- Көп ұлтты мемлекетімізді мекендейтін халықтар достығы бейбітшілік символы болсын. Бір шаңырақ астындағы достығымыз жалғассын!</p> <p>Топқа бөліну:</p> <p>«Достық», «Бірлік». (тақтадан стикерді тандайды.)</p> <p>«Топ ережесі ереже» – топ ережелерін еске түсіру</p> <p>Бағалау критерийлері мен таныстыру.</p>	

	Оқушының аты-жөні	Постер қорғау	Ақпараттың дұрыс – бұрыстығын анықтау. Дәлел келтіріп айту	Суреттер бойынша әңгіме құрастыру	қорытынды
		1-5	1-5	1-5	15
	1.				
	2.				
	3.				
	4.				
	5.				
	6.				
Сабақтың басы «СТОП КАДР» арқылы видеоны болжап, сабақ тақырыбын ашамыз 3мин.	Айтылым. Сұрақ-жауап. Диалогке түсу. Қалай ойлайсыңдар, бүгінгі сабақта не туралы әңгімелейміз? - Соғыс жылдарындағы өмір. - Соғыс туралы не білесіңдер? – Дұрыс айтасындар, ендеше біздің бүгінгі сабағымыз не туралы деп ойлайсыңдар? – Соғыс жылдарындағы өмір, жетім қалған балалардың қиын өмірі туралы.				
Өткен тапсырманы сұрау, қайталау үшін «Ашық микрофон» әдісі арқылы бір-біріне дайындап келген сұрақтарын қоюды ұсыну. 4 мин.	М. Мағауин туралы сұрақ-жауап –Тақтадан кімнің суретін көріп отырсыңдар? -М. Мағауин қай жылы дүниеге келген? -М. Мағауин Қазақстанның қай облысында туған? -М. Мағауин қайда оқыған? -Қандай атақтары бар? -Ұлы Отан соғысы кезіндегі ауылдың қиын кезі бейнеленген қандай шығармасы бар? -«Бір атаның балалары» атты шығармасында қай кез бейнеленген?				

<p>Сабақтың ортасы Жаңа сабақ</p> <p>Мәтіналды жұмыс</p> <p>5 мин</p>	<p>- Бүгінгі сабағымызда Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» шығармасының «Зигфрид Ахметұлы» деп аталатын бөлімімен жұмыс жасаймыз.</p> <p>Сөздікпен жұмыс. Оқу, қайталау (дәптерге жазу)</p> <p><i>Жетім - сирота</i></p> <p><i>Сөзге құлақ салу – прислушаться к словам</i></p> <p><i>Шалғай – далекий;</i></p> <p><i>Ересек – старшие, подростки;</i></p> <p><i>Қолағаштай (мұрын) – большой;</i></p> <p><i>Панасыз – бездомный.</i></p> <p>(сөздерді өз сөзімен түсіндіру, синоним, антоним келтіру)</p> <p><i>Жетім - ата-анасынан айырылған адам;</i></p> <p><i>Сөзге құлақ салу – тыңдау, тыңдамау;</i></p> <p><i>Шалғай – өте алыс, жақын емес жер;</i></p> <p><i>Ересек – үлкен кісілер;</i></p> <p><i>Қолағаштай мұрын – үлкен;</i></p> <p><i>Панасыз – үйсіз қалған адам.</i></p> <p>Тыңдалым. Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінмен жұмыс</p>	<p>Интер-белсенді тақта</p>
<p>Мәтінмен жұмыс</p> <p>2 мин</p>	<p><i>Панасыз – бездомный.</i></p> <p>(сөздерді өз сөзімен түсіндіру, синоним, антоним келтіру)</p> <p><i>Жетім - ата-анасынан айырылған адам;</i></p> <p><i>Сөзге құлақ салу – тыңдау, тыңдамау;</i></p> <p><i>Шалғай – өте алыс, жақын емес жер;</i></p> <p><i>Ересек – үлкен кісілер;</i></p> <p><i>Қолағаштай мұрын – үлкен;</i></p> <p><i>Панасыз – үйсіз қалған адам.</i></p> <p>Тыңдалым. Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінмен жұмыс</p>	<p>Слайд</p>
<p>К е р і байланыс. «Бас бармақ» арқылы өзара бағалайды</p>	<p>М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» шығармасынан берген үзіндіні оқу. Түсінгендерін постер арқылы қорғау.</p> <p>Постерді бағалау критерийі: (мәтінді тыңдау, өз бетімен оқып шығу, топ ішінде аударып, мазмұнын бір-біріне түсіндіріп, постер арқылы қорғау.)</p> <p>Дескриптор</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтінді тыңдайды; 2. Мазмұнын түсінеді; 3. Постер қорғайды. 	

<p>6 мин. Постер қорғау Кері байланыс топ бір-бірін «От шашу» әдісімен бағалайды. 12 мин. Кері байланыс.</p>	<p>Жазылым. Айтылым. 5-тапсырма. «Дұрыс-бұрыс»</p> <p>Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексеру. Түсіндіру.</p> <p>Дескриптор</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтінге сүйенеді; 2. Ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтайды; 3. Жауабын дәлелдейді. 			<p>Кітап kз. сайты</p>																											
<p>«Бас бармақ» арқылы өзара бағалайды.</p>	<table border="1"> <thead> <tr> <th></th> <th>Ақпарат</th> <th>Дұрыс</th> <th>Бұрыс</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1.</td> <td>– Ал, ағайын, тегіс жиналсаң, сөзіме құлақ сал, -деді Дәуренбек</td> <td>басқарма.</td> <td>-----</td> </tr> <tr> <td>2.</td> <td>Бұлардан соңғы – татар баласы, аты Яков, сегізде</td> <td>Рашид.</td> <td>-----</td> </tr> <tr> <td>3.</td> <td>Көзі сығырайған жалпақ бет, тақырбас кара-әйел бала, қалмақ я дүнген, жасы онда.</td> <td>алтыда.</td> <td>-----</td> </tr> <tr> <td>4.</td> <td>Б а с қ а р м а балаларды жағалай басынан сипап өтті де ең шетте тұрған неміс баласының қ о л ы н а н ұстады.</td> <td>Ахмет.</td> <td>-----</td> </tr> <tr> <td>5.</td> <td>А й н а л а й ы н , жүр үйге, кеттік. Апаң күтіп отыр – деді Ахмет ақсақал.</td> <td>+</td> <td></td> </tr> <tr> <td>6.</td> <td>Зигфрид Вагнер ертеніне таңертең «Нартай Ахметұлы Бегімбетов» болып оянды.</td> <td>Зекен</td> <td>-----</td> </tr> </tbody> </table>		Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс	1.	– Ал, ағайын, тегіс жиналсаң, сөзіме құлақ сал, -деді Дәуренбек	басқарма.	-----	2.	Бұлардан соңғы – татар баласы, аты Яков, сегізде	Рашид.	-----	3.	Көзі сығырайған жалпақ бет, тақырбас кара-әйел бала, қалмақ я дүнген, жасы онда.	алтыда.	-----	4.	Б а с қ а р м а балаларды жағалай басынан сипап өтті де ең шетте тұрған неміс баласының қ о л ы н а н ұстады.	Ахмет.	-----	5.	А й н а л а й ы н , жүр үйге, кеттік. Апаң күтіп отыр – деді Ахмет ақсақал.	+		6.	Зигфрид Вагнер ертеніне таңертең «Нартай Ахметұлы Бегімбетов» болып оянды.	Зекен	-----		
	Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс																												
1.	– Ал, ағайын, тегіс жиналсаң, сөзіме құлақ сал, -деді Дәуренбек	басқарма.	-----																												
2.	Бұлардан соңғы – татар баласы, аты Яков, сегізде	Рашид.	-----																												
3.	Көзі сығырайған жалпақ бет, тақырбас кара-әйел бала, қалмақ я дүнген, жасы онда.	алтыда.	-----																												
4.	Б а с қ а р м а балаларды жағалай басынан сипап өтті де ең шетте тұрған неміс баласының қ о л ы н а н ұстады.	Ахмет.	-----																												
5.	А й н а л а й ы н , жүр үйге, кеттік. Апаң күтіп отыр – деді Ахмет ақсақал.	+																													
6.	Зигфрид Вагнер ертеніне таңертең «Нартай Ахметұлы Бегімбетов» болып оянды.	Зекен	-----																												

	<p>Оқылым. 3-тапсырма. «Араласып кеткен суреттер» әдісін пайдаланып тапсырманы орындайды. KıtaP.kz сайты пайдаланып, Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» шығармасының «Зигфрид Ахметұлы» тармағын оқып, суреттерді ретімен орналастырады. Зигфридтің басынан кешкен оқиғасын баяндайды.</p> <p>Дескриптор</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Кітап kz. сайты пайдаланады. 2. Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» шығармасының «Зигфрид Ахметұлы» тармағын оқиды. 3. Суреттерді ретімен орналастырады Зигфридтің басынан кешкен оқиғасын баяндайды. <p>- Шығарманың негізгі идеясы қандай? Шығарма ұлтқа, нәсілге бөлінудің дұрыс еместігін, адамзатқа ауызбіршілік, бауырмалдық, достық қажет екенін насихаттайды.</p>	
<p>Сабақтың соңы 2 мин.</p> <p>Рефлексия «Алма ағашы» әдісі 3 мин.</p>	<p>- Қалай ойлайсындар, Зекен бақытты ма? - Балалардың бақытты өмірі үшін не керек? - Сондықтан бейбіт өмірді бағалап, ата-аналарымызды, ата-әжелерімізді аялайық.</p> <p>Үйге тапсырма: «Арна» тармағын оқып келу. «Алма ағашы» әдісі бойынша сабақты бағалау. Сабақты қорытындылай келе, сабақты қалай түсіндіңдер, қандай көңіл-күйде болғаныңды смайлик арқылы көрсет.</p>	

Қосымша ақпарат		
<p>Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?</p>	<p>Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)</p>
<p><i>Берілетін тапсырма, күтілетін нәтиже, қолдау, берілетін уақыт, қолданатын дерек көздеріне байланысты бөліп оқыту.</i> Топта бірлесіп оқыту. Қолдауды көп қажет ететін оқушылар: Тақырып бойынша сұрақтарға түсініп, жауап береді. Қолдауды аз қажет ететін оқушылар: Өмірмен байланыстыра алады. Достық, бірлік туралы айта алады. Қабілетті жоғары оқушылар: Достық, татулық, бауырмалдық туралы өз пікірлерін айтады, өз сөзімен дәлелдей алады.</p>	<p>Жұмыс нәтижесі жетістік критерийлері арқылы бағаланады. Дескриптор немесе кері байланыс арқылы тексеріледі. Мысалы: «Бас бармақ», «От шашу».</p>	<p>Сабақ тарих пәнімен байланысты. Қазақстанда халықтар достығын бағалауға үйрету.</p>
<p>Ойлану Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырылды ма?</p>		

Т.А. ТЕМКЕНЕВА,
«Ақбұлақ орта мектебі» КММ.
Шығыс Қазақстан облысы,
Күршім ауданы

**ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ –
ЖОМАРТТЫҚ ТАМШЫСЫ.
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН
«АТЫМТАЙ ЖОМАРТ» ӘНГІМЕСІ**
5-сынып.
**СҮЙІНБАЙ – ДОСТЫҚ ДӘНЕКЕРІ.
СҮЙІНБАЙ МЕН ҚАТАҒАН
АЙТЫСЫ БОЙЫНША**

7-сынып

<p>Оқу мақсаты (оқу бағдарламасынан сілтеме)</p>	<p>5.Т/Ж3 Көркем шығармадағы кейіпкерлер іс-әрекеті арқылы образын ашу. 5Б/С2. Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау 7. Т/Ж4. Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту. 7.Б/С3. Шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдау.</p>
<p>Сабақтың мақсаты</p>	<p>Оқушылардың барлығы: мәтінмен жұптық, топтық жұмыс жасайды. Оқушылардың көпшілігі: алынған мәліметтерді меңгере отырып, оларға шығармадан дәлелдемелер келтіріп түсіндіреді. Оқушылардың кейбірі: шығармада туындаған мәселе төңірегінде түрлі көзқарасты талдайды.</p>

	<p>Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.</p> <p>Сабақ/оқу мақсаттары жүзеге асты. Оқушылар белсенділік танытты. Оқу атмосферасы жағымды болды. Саралау принциптері жүзеге асты.</p> <p>Келесі сабақта креативтілік принципін қолдануға болады.</p>
<p>Жалпы баға Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)? 1: таңдалған ресурс көздері 2: топтық жұмыс</p> <p>Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (сабақ беру және оқытуға қатысты)? 1: жұптық жұмыс формасын қолдану</p> <p>Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?</p>	

Жетістік критерийі	Көркем шығармадағы іс-әрекеті арқылы танылатын кейіпкер образын ашады; Көркем шығармадағы кейіпкерді талдап танып, шынайы өмірмен байланыстырады. Көркем мәтіндерді мәнерлеп жатқа оқу арқылы оқушы мәтіннің мәнін түсінеді. Көркем шығармаға түрлі деңгейдегі талдау жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың ойлау қабілеттері дамиды.
Тілдік мақсаттар	Диалог және жазылымға пайдалы тіркестер: Менің байқағаным,... Менің ойымша... Мен ойлаймын...
Құндылықтар	<i>«Мәңгілік ел» ұлттық идеясының бағытындағы өмір бойы білім алу, құрмет, ынтымақтастық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік құндылықтарына негізделген.</i>
Ж а н а н д ы қ а з а м а т т ы қ қ а т ә р б и е л е у	Әр адам үшін жомарттық, қайырымдылық, достық, адамгершілік қасиеттердің маңыздылығын түсінеді.
АКТ дағдысын қолдану	Сабақ таныстырылымы (тұсаукесер)
Өмірмен байланыс	Адам бойындағы ізгі істерді, адами қасиеттерді көре білу.
П э н а р а л ы қ байланыс	Тарих
Алдыңғы білім	Жомарттық пен сарандық. Ы.Алтынсариннің «Атымтай Жомарт» әңгімесі Сүйінбай Аронұлы – айтыстың ақиығы.
	Сабақ барысы

Жоспарланған іс-әрекеттер	Дереккөздер	Жоспарланған кезеңдері
----------------------------------	-------------	-------------------------------

Сабақтың басы (8 мин.) 3 мин. 3 мин.	Қызығушылықты ояту: Ширату жаттығуы. Оқушылар шеңбер бойымен тұрып, ата-аналарынан дарыған адами қасиеттері туралы айтады. Болжам. Оқушылар сурет мазмұнынан сабақ тақырыбын болжайды. Жаңа сабақтың мақсаты айқындалады.	Слайд
2 мин. Мағынаны тану кезеңі: Ой шақыру.	«Жомарттық, қайырымдылық, достық» сөздерін қалай түсінеміз?	Слайд Бағалау парақтары

Сабақтың ортасы (25 мин.) 10 мин.	5-сынып «Сұрақ қайта сұрақ қою» әдісі үй тапсырмасын тексеру. 1 - қадам. Оқушылар кейіпкер бейнесіне байланысты жуан, жіңішке сұрақтарға жауап береді; 2 - қадам. Оқушылар оқығандары бойынша бір-біріне сұрақтар қояды. Қ.Б. Критерийге сүйене отырып, әр дұрыс орындалған тапсырмаға асық беріледі.	7-сынып Деңгейлік тапсырмалар арқылы үй тапсырмасын тексеру. А - Айтыстағы оқиғалар тізбегін ретімен орналастырады, сәйкестендіреді. В - Тест шешеді. С - Пирамидалық талқылау. Айтыс туралы не білетінін жазып, айтыстың негізгі түйінін табады. Қ.Б. Критерийге сүйене отырып, әр дұрыс орындалған тапсырмаға Сүйінбай ақын бейнеленген 3 теңгелік беріледі.	А3 Үлестірме тапсырмалар Асықтар, Сүйінбай ақын бейнесі бар 3 теңгеліктер.
5 мин.	Топтық тапсырма. Атымтай Жомарт бойындағы асыл қасиеттерді топтастырады. Қ.Б. Қолпаштау сөздері арқылы «Күлегеш» стикерін жапсыру.	Топтық тапсырма. Айтыс эпизодтарынан дәлелдеме келтіре отырып, Сүйінбай бейнесін ашады, топтық жұмысты қорғайды. Қ.Б. Қолпаштау сөздері арқылы «Күлегеш» стикерін жапсыру.	А 3 кесте Стикер

5 мин.	Жұптық тапсырма. Оқулықпен жұмыс. Берілген суреттер мен «Атымтай Жомарт» әңгімесіндегі оқиғаларды сәйкестендіреді. Қ.Б. «Бас бармақ» әдісі Тапсырмаларды алмастыру арқылы бір-бірінің жұмысын тексереді.	Жұптық тапсырма Айтыстан өзіне ерекше әсер қалдырған кейіпкерлердің образына еніп, олардың бар болмысын, мінезін көрсете айтыс үзіндісін жатқа оқу. Қ.Б. «Бас бармақ» әдісі.	
5 мин.	Жеке тапсырма. «Концептуалдық кестемен» жұмыс. Шығармадағы кейіпкерлердің қазіргі күндегі өміріне өз ойыңызша болжам жаса. Жасаған болжамдарыңа шығармадан дәлел келтір. Қ.Б. «Екі жұлдыз, бір тілек»	Топтық тапсырма Берілген құндылықтарға қатысты айтыстан мысал келтір. Қ.Б. «Екі жұлдыз, бір тілек».	Кесте Үлестірі- мелер АЗ

Сабақтың аяғы 7 минут	Рефлексия. Рефлексивті нысана. (өзін-өзі бағалау) Үйге тапсырма. Эссе жазу. Қазіргі заманның «Атымтай Жомарттары»	Рефлексия. Рефлексивті нысана. (өзін-өзі бағалау) Үйге тапсырма. Сүйінбай мен Қатаған образдарын жырдан дәлел келтіре салыстырады.	Рефлексивті нысана, стикерлер.
---------------------------------	--	---	---------------------------------------

<i>Сабақта саралау тапсырмалары болды ма? Қалайша қолдау көрсете аламын? Қабілетті оқушыларды оқытуда алдыма қандай міндеттер қоямын?</i>	<i>Оқушылардың материалды қанишалықты игергенін қалай бағалаймын?</i>	<i>Денсаулықпен қауіпсіздік техникасын сақтау</i>
<i>Сабақта даралай-саралай оқыту әдісі қолданылды. Деңгейлік тапсырмалар берілді. Оқушының мәнерлеп оқу қабілетіне назар аудардым. Жекелеген оқушыларға қолдау таныту мақсатында кейбір тапсырмаларға көрнекі түрде үлгі көрсетілді.</i>	<i>Қ.Б. дескрипторларға сүйене отырып, әр түрлі әдіспен жүргізілді. Оқушылар әр дұрыс жауапқа асық, Сүйінбай ақын бейнесі бар үш теңгелікті жинай отырып, өз білімдерін нақты бағалады. Ынталандыру мақсатында оқушыларға Ы.Алтынсарин медалінің көшірмесі мен кішкентай домбыралар берілді.</i>	<i>Сынып тазалығын және қауіпсіздік ережелерін сақтау.</i>
Сабақ бойынша рефлексия <i>Сабақ/ оқыту мақсаттары шыныыл ма? Барлық оқушылар ОМ жетті ме? Егер жоқ болса, неге? Сабақтағы саралау дұрыс өтті ме? Сабақтағы кезеңдер сақталды ма? Жоспардан тыс не жасалды? Неге?</i>	<i>Сабақ барысында оқушылардың бойында гуманистік, адамгершілік, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеуді жүзеге асырдым. «Қазақ әдебиеті» пәні бағдарламасындағы үш негізгі дағдыны басшылыққа алдым.Түсіну және жауап беру дағдысы шеңберінде кейіпкерлердің образын ашты; шағын көлемді үзінділерді жатқа айтты. Анализ және интерпретация дағдысы арқылы шығармадағы автор бейнесін тапты, Бағалау және салыстыру дағдысы арқылы шығарманың тарихи құндылығын бағалады; кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырды. Сабақ кезеңдері сақталды.</i>	

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.И.ТАЙШЫБАЕВА,
«Талап мектеп-бөбекжай» кешенінің»
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
Жұбан ауылы

**АСЫЛ СӨЗДІ ІЗДЕСЕҢ,
АБАЙДЫ ОҚЫ, ЕРІНБЕ!**

«Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиісті».

Н.Назарбаев

1. Психологиялық дайындық.

Абай рухы – туған жердің тірегі,

Абай рухы – қазағымның жүрегі.

Жыр маржаны жүрегіңді толқытып,

Намысыңды қамшыласын үнемі.

2. Сұрақ-жауап.

Абайдың шын аты кім?

Кім Абай деп атап кеткен?

Тағзы қалай еркелетеді?

3. Топтық тапсырма.

1-топ. «Ибраһим» тобына – Абай әлеміне шолу жасау.

Ақынның ата-қоныс жері қандай?

Ата-баба әулеті, тегі қандай?

Ақынды тебіренткен, күңіренткен,

Ұшқан ұя - ортасы, елі қандай?

2-топ. «Телғара» тобына Абай айтқан

асылдар. Абай өлеңдерін жатқа айту.

Абайдың сөзінде

Ұлылық ұйып тұр.

Ойлы ақыл, сезімге

Бар қазақ сыйып тұр.

4. Сергіту сәті. «Желсіз түнде жарық ай» әнін орындау.

5. Шығармашылық жұмыс.

«Ибраһим» тобына.

Абай мұрасынан қандай гибрат алдың?

Ойтолғау жаз.

«Телғара» тобына.

Абай іздеген “толық адам” кім? Моделін жаса. Қорға.

6. Шығармашылық жұмыс.

Асыл сөздің жалғасын тап.

1. Жұмысы жоқтық,

Тамағы тоқтық

.....

2. Үш нәрсе адамның қасиеті:

.....

3. Ғылымды іздеп,

Дүниені көздеп

.....

4. Әуелде бір суық мұз – ақыл керек

.....

5. Досы жоқпен сырлас

.....

6. Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,
.....

7. Болмасаң да ұқсап бақ.

Абай өлеңдерін ойдан шығарып жалғастыру.

1.....

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға.

2. Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге.

8. Абайға арнау.

Ұлы ақынның шығармаларынан сусындай отырып, ақынға жыр жолдарын арнау.

9. Қорытынды.

Абайдың нәр алған үш арнасы

<i>Халық ауыз әдебиеті</i>	<i>Араб, парсы, түркі тіліндегі шығыстың көркем поэзиясы.</i>	<i>Орыс әдебиеті, сол арқылы Еуропа мәдениеті.</i>
----------------------------	---	--

Ата мұрасы

<i>Өлеңдері</i>	<i>45 қара сөзі</i>	<i>3 поэмасы</i>	<i>Аудармалары</i>
-----------------	---------------------	------------------	--------------------

М.МҮСІЛІМ,
Жаңашаруа қазақ орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы,
Қоныстану ауылы



М.ӘУЕЗОВ “КӨКСЕРЕК”.

АҚҚАСҚА МЕН КӨКСЕРЕКТІҢ ШАЙҚАСЫ (7-СЫНЫП)

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сәйкес)	7. Т/Ж4.Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашу, үзінділерді жатқа айту. 7.А/ИЗ.Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау.
С а б а қ т ы н мақсаты	1.«Көксерек» әңгімесіндегі Аққасқа мен Көксерек бейнесін ашуда үзінділерді жатқа айтады. 2. Әңгімедегі көркемдегіш құралдарды (синекдоха, портрет, теңеу, эпитет, метонимия, риторикалық сұрақ) анықтап, мағынасын түсіну арқылы қолданылу ерекшелігіне талдайды. 3.Әңгімедегі Аққасқа мен Көксерек іс-әрекетін өмірмен байланыстыра отырып тұжырым жасайды.
О й л а у дағдылары	Білу және түсіну. Жоғары деңгей дағдылары.
Бағалау критерийі	-«Көксерек» әңгімесіндегіАққасқа мен Көксерек бейнесін ашады, салыстырады. -Үзінділерді жатқа айтады. -Шығармадағы көркемдегіш құралдарды анықтайды. -Көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшелігінталдайды.

	- Әңгімедегі Аққасқа мен Көксеректің іс-әрекетін өмірмен байланыстыруда шығарма үзіндісін орынды қолданып, тұжырым жасайды.	
Тілдік мақсат	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>портрет - маңдайы шаңқиған ақ мағал қасқа;</i> <i>теңеу - зіңгіттей;</i> <i>эпитет - көк шолақ;</i> <i>синекдоха - бір ауыз;</i> <i>метонимия - осы ит;</i> <i>риторикалық сұрақ - Не жазып ем?</i> <i>жотасы мұздап, түз тағысы, томағасын тартқан қырандай, я, аруақ, я, ақсарбас!</i>	
Құндылықтарға баулу	Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет көрсетуге баулу қоршаған ортаға деген оң көзқарасын дамыту. («Мәңгілік ел» құндылығы: Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы).	
Пәнаралық байланыс	Қасқыр мен иттің бейнесін салыстыруда биология пәнімен, өзіне және қоршаған ортаға құрмет көрсетуде өзін-өзі тану пәнімен байланыстырады.	
Тақырып бойынша алдыңғы білім	«Көксерек» әңгімесінің фабуласымен таныс, әңгіме мазмұнын біледі.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	С. Қызығушылықты ояту Мұхтар Әуезовтің әңгімесінің кейіпкерлері бойынша топқа бөлу «Көксерек», «Аққасқа» -Қолдарындағы суреттерде не бейнеленген? -Бұл суреттердің біздің өткелі отырған сабағымызға қаншалықты қатысы бар деп ойлайсыңдар?	

	- Олай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы осы екі кейіпкерге байланысты болмақ. Ендеше, сабақ мақсатымен, тақырыбымен таныс болайық.	Сурет қиындылары Аққасқа, Көксерек
		
Сабақтың ортасы 30 минут	ТЖ. 1-тапсырма «Көксерек» әңгімесіндегі Аққасқа мен Көксерек бейнесін ашындар. Кейіпкерлерді салыстырыңдар және өмірмен байланыстырыңдар. Бейнематериалдан көрсетілген үзінділерге қарай отырып, әңгіме мазмұнынан кейіпкер туралы үзінділерді жатқа айтыңдар. «Қабырғадағы рөл» әдісі. А). Суреттің ішкі сұлбасына Аққасқа мен Көксеректің бейнесін әңгіме желісі арқылы жазыңдар. Ә). Суреттің сыртқы сұлбасына ит пен қасқыр туралы білетін мәліметтеріңді жазыңдар.	Интер-белсенді такта арқылы суреттер
		Ит пен қасқыр сұлбасы

	<p>«Ұқастық пен айырмашылық» әдісі Диаграмма арқылы ит пен қасқырдың айырмашылығы мен ұқастығын табу.</p> <p>«Тоқта – кадр» әдісі</p>   <p>Дескриптор - «Көксерек» әңгімесіндегі Аққасқа мен Көксерек бейнесін ашады. - Оларды бір-бірімен салыстырады. - Кейіпкерлерді өмірмен байланыстырады. - Үзінділерді жатқа айтады.</p> <p>ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек» / бірін-бірі бағалау/. ЖЖ. 2-тапсырма. Шығармадағы көркемдегіш құралдарды (синекдоха, портрет, теңеу, эпитет, метонимия, риторикалық сұрақ) анықта, оларды қолданылу ерекшелігіне қарай талда.</p>	<p>Оқулық 11-тапсырма</p> <p>«Көксерек» көркем фильмінен кадрлер</p>
--	--	--

	<p>Аққасқа мен Көксеректің іс-әрекетін өмірмен байланыстыруда шығарма үзіндісін орынды қолданып тұжырым жаса.</p> <table border="1" data-bbox="1264 254 1685 970"> <thead> <tr> <th data-bbox="1264 254 1511 314">Мәтіндегі бейнелі сөздер</th> <th data-bbox="1511 254 1685 314">К ө р і к т е у құралдары</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="1264 314 1511 500">-Қуарған-ай, неңді алып ем? Не жазып ем? Бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлыным?</td> <td data-bbox="1511 314 1685 500">Риторикалық сұрақ</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1264 500 1511 632">Үнемі от шашып тұратын қып-қызыл көз</td> <td data-bbox="1511 500 1685 632">Портрет</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1264 632 1511 712">-Осы... осы... осы ит!</td> <td data-bbox="1511 632 1685 712">Метонимия</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1264 712 1511 768">- Зіңгіттей</td> <td data-bbox="1511 712 1685 768">Теңеу</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1264 768 1511 824">-көк шолақ</td> <td data-bbox="1511 768 1685 824">эпитет</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1264 824 1511 879">-Дала тағысы</td> <td data-bbox="1511 824 1685 879">Метонимия</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1264 879 1511 970">-бір ауыз қауып түсті.</td> <td data-bbox="1511 879 1685 970">Синекдоха</td> </tr> </tbody> </table> <p>«Бес жолды өлең» әдісі</p> <table border="1" data-bbox="1264 1037 1685 1316"> <tr> <td data-bbox="1264 1037 1471 1316">Ит Ақылды, жүйрік Қ о р ғ а й д ы , к ү ш і к т е й д і , үреді Ит – адамның жақын досы Жануар</td> <td data-bbox="1471 1037 1685 1316">Қасқыр Ж ы р т қ ы ш , қомағай Ұ л и д ы , шабуылдайды, жортуылдайды. Қасқыр - тұз тағысы Көкжал</td> </tr> </table>	Мәтіндегі бейнелі сөздер	К ө р і к т е у құралдары	-Қуарған-ай, неңді алып ем? Не жазып ем? Бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлыным?	Риторикалық сұрақ	Үнемі от шашып тұратын қып-қызыл көз	Портрет	-Осы... осы... осы ит!	Метонимия	- Зіңгіттей	Теңеу	-көк шолақ	эпитет	-Дала тағысы	Метонимия	-бір ауыз қауып түсті.	Синекдоха	Ит Ақылды, жүйрік Қ о р ғ а й д ы , к ү ш і к т е й д і , үреді Ит – адамның жақын досы Жануар	Қасқыр Ж ы р т қ ы ш , қомағай Ұ л и д ы , шабуылдайды, жортуылдайды. Қасқыр - тұз тағысы Көкжал	<p>К е с т е - с ы з б а</p>
Мәтіндегі бейнелі сөздер	К ө р і к т е у құралдары																			
-Қуарған-ай, неңді алып ем? Не жазып ем? Бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлыным?	Риторикалық сұрақ																			
Үнемі от шашып тұратын қып-қызыл көз	Портрет																			
-Осы... осы... осы ит!	Метонимия																			
- Зіңгіттей	Теңеу																			
-көк шолақ	эпитет																			
-Дала тағысы	Метонимия																			
-бір ауыз қауып түсті.	Синекдоха																			
Ит Ақылды, жүйрік Қ о р ғ а й д ы , к ү ш і к т е й д і , үреді Ит – адамның жақын досы Жануар	Қасқыр Ж ы р т қ ы ш , қомағай Ұ л и д ы , шабуылдайды, жортуылдайды. Қасқыр - тұз тағысы Көкжал																			

Н.Ғ.МҰҚАНҒАЛИЕВ,
М.Мирманов атындағы жалпы
орта білім беретін мектеп.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Жаңақала ауданы,
 Бірлік ауылы

ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ **«ЖАУ ТЫЛЫНДАҒЫ БАЛА»**

	<p>Д е с к р и п т о р Білім алушы - Шығармадан портрет, теңеу, эпитет, синекдоха, метонимия, риторикалық сұраулы сөйлемдерді тауып, мысал келтіреді. -Өз ойын жеткізуде шығарма үзіндісін орынды қолданып тұжырым жасайды. ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек» /өзі тандаған жұпты бағалайды/.</p>	
<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p>Р е ф л е к с и я «Тамаша идеялар» 1). Шығарманы оқығанда мені қызықтырған... 2). Мен үшін шығарманың аянышты жері... 3). Әңгімеден алған тәрбием...</p>	
	<p>Үйге тапсырма. 1.Кейіпкер бейнесін ашатын сурет салу. 2.Сурет шығарманың қай кезеңін бейнелейтінін айту.</p>	

<p>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</p>	<p>БС1 Тарихи және көркемдік құндылығы. Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға береді.</p>	
<p>С а б а қ т ы н мақсаттары</p>	<p>Ұлы Отан соғысындағы партизандар қозғалысы туралы тарихи деректер мен повесть оқиғаларын салыстырады. Кейіпкерлер әрекетін талдайды. Талқылаулардан қорытынды шығарады.</p>	
<p>Б а ғ а л а у критерийлері</p>	<p>1.Тарихи деректер көрініс табатын эпизодтарды түсіндіре алды. 2.Кейіпкерлер бейнесін ашудағы автордың көркемдік тәсілдерін түсіндіре алды. 3.Повестің тарихи және көркемдік құндылығына баға бере алады.</p>	
<p>Тілдік мақсаттар</p>	<p>Пән лексикасы және терминология: Тарихи құндылық – тарихи деректердің көркем шығармада шынайы суреттелуі; көркемдік құндылығы – автордың көркемдік тәсілдерді тиімді қолдануы, өмір шындығын жинақтап бере алуы. Кейіпкер әрекеті, суреттеу, сипаттау.</p>	
<p>Осыған дейін меңгерілген білім</p>	<p>Повестің мазмұнын біледі.</p>	
Жоспар		
<p>Жоспарланатын уақыт</p>	<p>Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер</p>	<p>Дереккөздер</p>

<p>Сабақтың басы 3 мин.</p>	<p>Сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлері талқыланады. Слайдта Пән лексикасы мен терминологиясының түсініктемесі шығарылып, мұғалім түсіндіреді. Оқушылардың төмендегі сұрақтар бойынша ойлары тыңдалады: мақсатқа жеткенімізді қалай көрсете аламыз, яғни салыстырғанда, талдағанда, баға бергенде қандай әрекетті орындай алуымыз керек?</p>	
<p>Сабақтың ортасы 10 минут</p>	<p>1.Оқушылар тақтадағы жұлдызшадан өз есімдерін басып, ондағы сөз кімнің сөзі екенін анықтайды. Сол бойынша топтарға бөлініп отырады. <i>1. Анна Ивановна ауылы. 2. Серік ауылы. 3. Борис ауылы.</i> Топтарда мұғалім ұсынған тарихи деректермен танысады. Осыдан кейін берілген тапсырмалар бойынша пікірлеседі. Тапсырмалар «Ойлан. Бірік. Бөліс.» Берілген тарихи деректер Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» повесінде көрініс тапты. Повестен берілген пікірді дәлелдейтін мысалдарды келтір: 1. Повесте баяндалған оқиға аталған елдердің қайсысында болды. Осы елге жататын ел, жер аттарын мәтіннен тауып ата. 2. Повестің кейіпкерлерін атап, тарихи деректерге қатысын түсіндір 3. Повестегі партизан құрамаларының жасаған іс-әрекеттерін ата, баға беріңдер. Топта талқылайды. Қорғайды.</p>	

<p>9 минут</p>	<p>Бағалауға арналған дескриптор 1. Мәтіндегі барлық елді мекен мен жер аттарын атап тауып бере алды. 2. Повестің барлық кейіпкерлерінің тарихи деректермен байланысын түсіндіріп бере алды. 3. Партизан құрамаларының жасаған іс-әрекеттерін атап, баға бере алады. 2. «Айналмалы бекет» әдісі. Топтарда оқушылар берілген сұрақтарды талқылай отырып, кезектесе жүріп әр топ түрлі бояумен кестені толтырады. Оқушыларға көмек ретінде «Әдеби-теориялық түсініктеме» беріледі. Өмір құбылыстарын шынайы беру үшін, кейіпкерлер бейнесін ашу үшін автор әртүрлі көркемдік тәсілдерді қолданады. <i>Ондай тәсілдерге: суреттеу (табиғатты, портретті, кейіпкердің сезім-күйін), сипаттау (кейіпкердің мінезін сипаттау), оқиганы сипаттау), монолог, диалог жатады.</i></p>	<p>Мәтін. Т а р и х и деректер</p> <p>Тапсыр-малар</p>																																												
<p>8 минут</p>	<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="1221 795 1338 934">Кейіпкерлер</th> <th data-bbox="1338 795 1432 934">Кейіпкерлердің әрекеті</th> <th data-bbox="1432 795 1550 934">Кейіпкердің әрекетінен қандай әсер алдың?</th> <th data-bbox="1550 795 1671 934">А в т о р қ а н д а й көркемдік т ә с і л қолданды</th> </tr> </thead> <tbody> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> </tbody> </table>	Кейіпкерлер	Кейіпкерлердің әрекеті	Кейіпкердің әрекетінен қандай әсер алдың?	А в т о р қ а н д а й көркемдік т ә с і л қолданды																																									<p>Қасым Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» повесінің мәтінінен алынған цитаталар</p>
Кейіпкерлер	Кейіпкерлердің әрекеті	Кейіпкердің әрекетінен қандай әсер алдың?	А в т о р қ а н д а й көркемдік т ә с і л қолданды																																											

Р. У. СЕЙТМАҒАНБЕТОВА,
Тоғыз жалпы орта білім беретін
мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы,
Шілікті ауылы

МАҒЖАННЫҢ «БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫН ТАЛДАУ

Сабақтың мақсаты:

Міндеттері:

Білімділік:

– Жоспар бойынша поэма мазмұнын пысықтау, сюжеттік-композициялық құрылысын талдауға үйрету.

Тәрбиелік:

– Батырлық пен батылдыққа, ұлтжандылыққа, намысты болуға тәрбиелеу.

Дамытушылық:

– Өзіндік көзқарастарын дәлелдеуге, кейіпкерлер әрекеттерін талдап түйіндеуге, өз пікірлерін қорғай білуге баулу.

Типі: Аралас сабақ.

Түрі: Проблемалық сабақ.

Әдісі: Топтық жұмыс, сызба кестемен жұмыс, сұрақ-жауап, талдау.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта, сызба қағаздар.

Пәнаралық байланыс: Тарих, география.

Сабақтың жүру барысы.

Ұйымдастыру.

1. Оқушылармен сәлемдесу, сабақты бастауға әзірлеу.

Үй тапсырмасын сұрау.

5 минут	<p>Топтағы талқылаулар аяқталған соң, оқушылар өздерінің орындарына оралып, өздері толтырған кестені пайдаланып, түсіндіреді.</p> <p>Б а ғ а л а у дескрипторлары</p> <p>1. Кейіпкерлер әрекетін баяндап бере алды.</p> <p>2. Өзінің алған әсерін түсіндіріп бере алды.</p> <p>3. Қолданылған көркемдік әдістің қызметін түсіндіріп бере алды.</p> <p>3.Қорытынды.</p> <p>5 минуттық эссе.</p> <p>Қасым Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» повесінің тарихи, көркемдік құндылығы неде деп ойлайсың?»</p> <p>Б а ғ а л а у дескрипторлары</p> <p>1. Повестің тарихи құндылығын дәлелдейтін мысалдар келтіре алды.</p> <p>2. П о в е с т і ң көркемдік құндылығын дәлелдейтін мысалдар келтіре алды.</p>	
Сабақтың соңы 5 минут	<p>Рефлексия</p> <p>Мен үшін бүгінгі сабақта не қиын, не құнды, не қызық болды?</p>	

Жоспар бөлімдері бойынша поэманың мазмұны сұралады.

1-топқа берілген тақырыптар:

1. *Көкшетау табиғаты.*
2. *Қазақ елі басындағы жаугершілік.*
3. *Абылай хан жарлығы. Батыр Баянды күтуі.*
4. *Баянның кешігу себебі. Баян мен қалмақ қызы.*

2-топқа берілген тақырыптар:

1. *Жас гашықтар – Ноян мен қалмақ қызы.*
2. *Ноян мен қалмақ қызының қашуы.*
3. *Батыр Баянның ашуға ерік беруі.*
4. *Оқыс шешім.*

3-топқа берілген тақырыптар:

1. *Баянның Көкшетауға аттануы. Абылай Ханға баруы.*
2. *Жауға аттану.*
3. *Қалмақтардың алдауы. Шегіну.*
4. *Баянның жауға жалғыз аттануы. Жау қолынан қаза табуы.*

Поэмадағы кейіпкерлерге, олардың оқиға барысындағы іс-әрекеттеріне талдау.

Мағынаны тану. Жаңа сабақ.


1. Поэманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдау.

Туындыны құрылысына қарай талдап көрейік.

- **Оқиғаның басталуы** – Шапқыншылық кезінде қалмақ қызының қолға түсуі.
- **Дамып өрбуі** – Баянның оны еліне алып

келуі.

- Шиеленісуі** – Ноянның қалмақ қызына гашық болуы.
- Шарықтау шегі** – Ноян мен қалмақ қызының Баян қолынан қаза табуы.
- Шешімі** – Батыр Баянның жоңғарлардың қолымен шайқасуы.




**АБЫЛАЙ ХАН
(1711-1780)**

- Қазақ халқының ұлы ханы;
- Ел азаттығы үшін күрескен тарихи тұлға.

*Күндерде сонау қара тапсырған,
Ел тағдырын Абылайдай данасына.
Сол кезде елге қорған болған Абылай,
көп көрген жаудың бірін шауып, бірін арбап.*

БАЯН ҚАСАБОЛАТҰЛЫ

1700-1715 аралығында дүниеге келіп, 1757 жылы өмірден кеткен. Қалмақ, жоңғарларға қарсы ел тәуелсіздігі жолында күрескен батыр, тарихи тұлға.



БАЯННЫҢ ЖЕТІ АТАСЫ:



Концептуалдық кесте

Кейіпкерлер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерлерге берілетін баға
Б а т ы р Баян	Жоғары. Елі,жері үшін өлімге басын тікті.	Жоғары. Елін, жерін ойлайды, б а у ы р ы н өлтіреді.	Жоғары
Ноян	К ө р с е қ ы з а р, қыздың соңынан еріп кетеді, орташа.	О р т а ш а . Елінен жерінен туғандарынан қызды жоғары қояды.	Орташа
Қалмақ қызы	Жоғары. Елі үшін;жері үшін а й л а к е р л і к жасайды.	Жоғары. Туған еліне, жеріне адал.	Жоғары

Поэmanın көркемдік ерекшелігі.

Эпитет: сұм өмір, қу өмір, қыран көз, сұм садақ.

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты зой саналыға.

Теңеу: Ертегідей, қойдай өрген,
Меккедей, жолбарыстай.

Дауылдай талмай есіп, желдей ұшып,
түс ауа Жолдыөзекке жетіп қалды.

Метафора: өмір-абақты, сөз-сиқыр, екі от - орыс, қытай. Сарыарқа – сары дария қиыры жоқ.

Көз болсын, қандай қыран, талады да.

Семантикалық карта

№	Шығармадан үзінді	Батыр Баян	Ноян	Қалмақ қызы
1.	Қалауым бар.Ноян батыр, Адасқан аққу құстай мен бір пақыр Арқаның аруы боп жүрсемдағы, Алыста туып өскен елім жатыр.		+	

2.	<i>Жоқ, әлде жоқ, жоқ, әлде өлтірдім бе інімді алты алаштың намысы үшін?</i>	+		
3.	<i>«Жарайды даярмын»деп айтып салды</i>		+	
4.	<i>Құл болса бір қыз үшін балдырғаны Алашқа бұдан ауыр шер болар ма?</i>	+		
5.	<i>Алдияр, ел ағасы, ханым дана, Алашқа ауыр күнде болған пана. Кінәлі кешігіп келіп енді алдыңа Келді ерің, іші жалын, жаны қара.</i>	+		

Проблемалық сұрақтар. Оқушыларға «Қашан? Қайда? Қандай?» деген сұрақтар беріледі. Үш сұрақты пайдалана отырып, оқушылар поэмаға қатысты толық сауалдарды өздері қояды.

«Батыр Баян» киносынан үзінді көрсетіп, поэманың мазмұнымен салыстыру.

Ой толғаныс. Сабақты бекіту. «Екі түрлі түсініктеме» күнделігі.

Маған әсер еткен үзінді	Соған байланысты менің пікірім

Оқушыларға өз күнделіктерін оқып, пікірлерін ортаға салу.

Үйге тапсырма:

Поэмадан үзінді жаттау, сурет салу, батырға арнап өлең шығару.

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.С. НҮРМАНОВА,
№187 М.Шоқай атындағы
орта мектеп.
 Қызылорда қаласы

ИГІЛІК БАСЫ – ЫНТЫМАҚ

(Зат есімнің жіктелуі)

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	5.Ж5. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу. 5.ӘТН4.2. Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану.
С а б а қ т ы ң мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Мәтіндегі негізгі ақпараттарды қолданып, жинақы мәтін жазады; Зат есімдерді жіктік жалғауы арқылы түрлендіреді, жіктелетін және жіктелмейтін зат есімдерді ажырата алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Тақырыпты мақал-мәтелдер арқылы түйіндейді. Мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіреді. Кейбір оқушылар орындай алады: Мәтіндегі ойды өмірмен байланыстырып, өз ойын айтады.
Бағалау критерийлері	1. Мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктейді, негізгі ақпараттарды таңдап, жинақы мәтін жазады. 2. Сөйлем құрауда зат есімдерді түрлендіре қолданады; әр жалғау қызметін ажыратады және дұрыс қолданады.
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: Қазақ халқының бойындағы ынтымақ, бірлік, ауызбірлік қасиеттері туралы түсінеді. Береке басы – бірлік екендігін түсінеді.


	<p>Оқушылар орындай алады: Қазақ халқының бойындағы ынтымақ, бірлік, ауызбірлік қасиеттері туралы түсінеді. Береке басы бірлік екендігін түйсінеді. Зат есімдерді жіктік жалғауы арқылы түрлендіре алады, жіктелетін және жіктелмейтін зат есімдерді ажыратып қолданады.</p> <p>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Зат есімнің жіктелуі, жіктік жалғаулары, жекеше және көпше түрі, ынтымақ, ырыс, бірлік.</p> <p>Диалог құруға /шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: <i>Ырыс алды – ынтымақ, бірлігі мықты ел, бірлесіп әрекет ету, татулық, ауызбіршілікке ұмтылу, көмек көрсету.</i></p> <p>Талқылауға арналған сұрақтар: <i>Ынтымақ дегенді қалай түсінесіңдер? «Ынтымақ түбі – береке» деп айтуда қандай мән бар? Ынтымақтастық, татулық, ұйымышылдық ұғымдарының ұқсастығы неде? Зат есімдер қалай түрленеді? Зат есімдер қалай жіктеледі? Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба? Неліктен игілік басы – ынтымақ деп ойлайсыз?</i></p>
Пәнаралық байланыс	Қазақ әдебиеті, Өзін-өзі тану
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Зат есім туралы жалпы түсінік бар. Зат есімнің түрленуін біледі /септік жалғауы, тәуелдік жалғауы, көптік жалғауы /.
Құндылықтарға баулу	<ul style="list-style-type: none"> - «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыруда қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім құндылығын сақтау; - өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; - жауапкершілік; - өмір бойы оқуға дайын болу.

Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 2 минут	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі: Ынтымақтастық атмосферасын құру. Топқа біріктіру. Оқушылар кеспе қағазда жазылған сөздердің қосымшалары арқылы топқа бірігеді. /Септік жалғауы, көптік жалғауы, тәуелдік жалғауы болып үш топқа бірігеді/</p> <p>II. Үй тапсырмасын сұрау «Қар кесегі» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау. Бір оқушы тақырып бойынша бір тұжырым айтады. Екінші оқушы оның айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Үшінші оқушы алдыңғы екі оқушының айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Сөйтіп жалғаса береді.</p> <p>III. Жаңа тақырып Игілік басы – ынтымақ. Зат есімнің жіктелуі Грамматикалық тақырыпты түсіндіру. Зат есімнің жіктелуі <i>Зат есімдер сөйлемде баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, жіктеліп қолданылады. Жіктік жалғаудың 3 жағы, жекеше, көпше түрлері бар. Жіктік жалғаулары адамға (есімі, кәсібі, мамандығына) қатысты сөздерге гана жалғанады.</i></p>	Топты біріктіруге арналған кеспе қағаздар
Сабақтың ортасы 3 минут		АКТ тұсаукесер
5 минут		

5 минут	<table border="1"> <tr> <th>Жекеше түрде</th> <th>Көпше түрде</th> </tr> <tr> <td>Мен оқушымын Сен оқушысың Сіз оқушысыз Ол оқушы</td> <td>Біз оқушымыз Сендер оқушысыңдар Сіздер оқушысыздар Олар оқушылар</td> </tr> </table> <p>ӘТН Жеке жұмыс. 1-тапсырма Берілген жалғауларды қатыстырып, зат есімдерді түрлендір. ... мын, ... пын, ... сың, ... сің, ... мыз, ... міз, ... ңыз, ... піз. Тыңдалым/айтылым. Сыныппен жұмыс. Бейнесюжет көрсету.</p> <p>«Серпілген сауал» әдісі / Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сұрақтар қойылады/ 1. Тақырыбы қандай? Қандай мәселе көтерілген? 2. Ынтымақ дегенді қалай түсінесіңдер? 3. Ынтымақ түбі – береке деп айтуда қандай мән бар? 4. Ы н т ы м а қ т а с т ы қ , татулық, ұйымшылдық ұғымдарының ұқсастығы неде?</p>	Жекеше түрде	Көпше түрде	Мен оқушымын Сен оқушысың Сіз оқушысыз Ол оқушы	Біз оқушымыз Сендер оқушысыңдар Сіздер оқушысыздар Олар оқушылар	Оқулық			
	Жекеше түрде	Көпше түрде							
Мен оқушымын Сен оқушысың Сіз оқушысыз Ол оқушы	Біз оқушымыз Сендер оқушысыңдар Сіздер оқушысыздар Олар оқушылар								
<p>Сөздікпен жұмыс</p> <table border="1"> <tr> <th>Жаңа сөз</th> <th>Біздің анықтама</th> <th>Сөздіктегі анықтама</th> <th>Мысал</th> </tr> <tr> <td>Ынтымақ</td> <td></td> <td>Жеке адамдар не ұжым арасындағы ұйымшылдық, бірлік..</td> <td>Тенге тыннан, ЫНТЫМАҚ ұйымнан</td> </tr> </table>	Жаңа сөз	Біздің анықтама	Сөздіктегі анықтама	Мысал	Ынтымақ		Жеке адамдар не ұжым арасындағы ұйымшылдық, бірлік..	Тенге тыннан, ЫНТЫМАҚ ұйымнан	Бейнесюжет «Әнет баба мен Төле би»
Жаңа сөз	Біздің анықтама	Сөздіктегі анықтама	Мысал						
Ынтымақ		Жеке адамдар не ұжым арасындағы ұйымшылдық, бірлік..	Тенге тыннан, ЫНТЫМАҚ ұйымнан						

12 минут	<p>Оқылым/айтылым Жеке жұмыс/Топтық жұмыс 2- тапсырма. «Қызыр, бақ, дәулет, ынтымақ» әңгімесі «Төрт сөйлем» әдісі 1. Пікір. Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазады. 2. Дәлел. Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді. 3. Мысал. Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді. 4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарады. Қалыптастырушы бағалау. Дескрипторлар арқылы бірін-бірі бағалайды. Әр топтан ұсынылған 1 жұмыс сыныпта оқылады. Дескрипторлар: 1. Мәтіннің негізгі идеясын 1 сөйлеммен тұжырымдап және оны 1 сөйлеммен дәлелдейді. 2. Мәтіндегі түрленген 4 зат есімді табады. /1 септік жалғаулы, 1 көптік жалғаулы, 1 тәуелдік жалғаулы, 1 жіктік жалғаулы зат есім/ 3. Ойын мақал-мәтелмен түйіндеп, мағынасын ашады. 4. «Қос жазба» күнделігін толтырады.</p> <table border="1"> <tr> <th>Мәтіннен үзінді</th> <th>Өмірмен байланыс</th> </tr> <tr> <td>Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды. – Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы? Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт еткізіп, оп-оңай сындырып береді.</td> <td></td> </tr> </table>	Мәтіннен үзінді	Өмірмен байланыс	Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды. – Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы? Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт еткізіп, оп-оңай сындырып береді.		
	Мәтіннен үзінді	Өмірмен байланыс				
Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды. – Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы? Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт еткізіп, оп-оңай сындырып береді.						

<p>10 минут</p>	<p>Кері байланыс. 1. Неліктен Сіз бұлай жасадыңыз (айтғыңыз, жаздыңыз, ұйғардыңыз, т.б.)? 2. Мүмкін олай емес, былай болар? 3. Егер мына жерге мынандай өзгертулер енгізсе, не болар еді? 3-тапсырма. Жазылым. Жеке жұмыс. Мәтін бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жаз. Жинақы мәтін – бастапқы мәтіндегі негізгі идеялар мен ақпараттарды сақтай отырып, мәтін көлемін ықшамдау және өңдеу. Жинақы мәтін тек автор идеясынан ғана тұруы керек. Жинақы мәтін түпнұсқа мәтіннен 75 % дейін қысқа болады.</p> <p>1-топ. Диалогке құрылған мәтінді баяндау мәтініне өзгертеді. 2-топ. Мәтінге аннотация жазады. 3-топ. Ақпарат желісін сақтап, тезис түрінде береді.</p> <p>Дескрипторлар: - мәтіндегі маңызды ақпараттарды белгілеп алады; - іріктелген ақпараттар негізінде мәтінді өз сөзімен жазады, түпнұсқа мәтінді жинақы мәтінге айналдырады; - берілген жинақы мәтін түрінің / тезис, аннотация, ықшам мәтін/ талаптарына сәйкес жазады.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі арқылы бағалайды. «Бас бармақ» әдісі арқылы өзін-өзі бағалайды.</p>	
-----------------	---	--

<p>Сабақтың соны 3 минут</p>	<p>Кері байланыс: «Бес саусақ» әдісі бойынша сабақты қорытындылау.</p> <p>1.«Бас бармақ» – басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды? 2.«Балалы үйрек»– бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім? 3. «Орган терек» – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым? 4. «Шылдыр шүмек» – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен? 5 «Кішкентай бөбек» – көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?</p> <p>Үйге тапсырма: 2-тапсырма. Берілген сөздерге жіктік жалғауларын жалғап сөйлем құраңдар. <i>Адам, әріптес, жаттықтырушы, саудагер, жазушы, оқырман, жолсерік, бала, көрші, көмекші.</i> «Ынтымақ – оқ өтпес сауыт» тақырыбына эссе жазу.</p>	
------------------------------	---	---

А. А. АХМЕТОВА,
№16 ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
БҚО,
Орал қаласы

ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА

(Себен-салдар үстеу)

Мақсаты:

Білімділік:

1. Электронды пошта тарихы туралы деректер беру, сауаттылығын арттыру.

Дамытушылық:

1. Оқушылардың белсенділігін, ынтасын арттыру.

Тәрбиелік:

1. Тілімізді, тарихты құрметтеуге баулу, әдептілікке үйрету.

Сабақтың типі:

Аралас сабақ, жаңа материалды меңгерту, мәселелікоқыту, деңгейлеп оқыту, пікірталас.

Технология:

Модульдік оқыту, деңгейлеп оқыту.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: Сөздік әдісі (әңгіме, түсіндіру, кітаппен жұмыс); көрнекілік әдісі (көрсету), тәжірибелікәдісі (сұрақ-жауап әдісі).

Сабақтағы оқушылардың іс- әрекеті: Жеке, топпен, жұппен, іздену, кесте толтыру.

Сабақтың құрал-жабдықтары, көрнекілігі: Сызбалар, техникалық құралдар, тұсаукесер

Пәнаралық байланыс: ИНФОРМАТИКА

САБАҚТЫҢ ЖОСПАРЫ

1. Ұйымдастыру кезеңі;

2. Ұй тапсырмасын сұрау;

3. Жаңа сабақ;

4. Оқулықпен жұмыс;

5. Бекіту. Сабақты қорытындылау;

6. Ұй тапсырмасын беру;

7. Бағалау.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

I. Оқыту үрдісінің маңыздылығы: Ұйымдастыру кезеңі **1-2 мин. Сөйлесім.**

1. Оқушылармен сәлемдесу;

2. Оқушыларды сабаққа бейімдеу;

3. Сөйлесу.

II. Ұй тапсырмасын тексеру. **Айтылым.**

1. Өткен тақырыптарды «Шынжыр» әдісі арқылы қайталау.

2. «Автор орындығы» Пошта тарихы.

III. Жаңа тапсырмаларды қалыптастыру:

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі: сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.

2. Оқушылардың бұрынғы білімдерін жаңғырту үшін жалпы сұрақтар қою:

«Ой қозғау». Өз ойыңды ортаға сал.

1. *Пошта қызметі туралы не білесіңдер?*

2. *Қалай ойлайсыңдар, қазіргі дамыған заманда пошта қызметі қажет пе?*



V. Жаңа сабақ

☀3. Сөздік жұмысы. Оқылым. Айтылым. Жазылым

Жұптық жұмыс. Берілген сөздермен жіктеу есмідіктерін пайдаланып, сөйлем құрастыру.

Операциялық жүйе – операционная система;

Бағдарлама – программа;

Желі – сеть;

Тұтынушы – пользователь;
Пернетақта – клавиатура;
Хабарлама – сообщение.

1. Сөздердің мағыналарын түсіндіру, сөз таптарын ажырату.
2. Дұрыс айтуға дағдыландыру: (мұғалім сөздерді мәнерлеп оқиды, оқушылар сөздерді мұғалімнен кейін дауыстап, тізбекпен оқиды).
3. Жаңа сөздерден сөз тіркесін құрау, сөйлем құрау
Жаңа сөздерді сөздік дәптерге жазу.



4. Мәтін бойынша жұмыс.

а. Мәтінді түсініп оқу. Үлестірмелі қағазда постер жасайды. Сөздерді қысқаша жазып, түсінеді. Өз ойын айтады. Басқа топтарды тындап, үлгі бойынша сұрақ қояды.

Электронды пошта 1965 жылы пайда болған. Осы жылы Массачусетс техникалық институтының қызметкерлері Ноэль Моррис пен То Ван Влек MAIL бағдарламасын жазды. Бұл бағдарлама компьютерге орнатылды. Электронды пошаның жылдамдығы телефонмен бірдей, бірақ мұнда абоненттердің бір сәтте болуы қажет емес. Электронды пошта хаттан басқа сурет, бейнемәлімет сияқты ақпараттарды да тасымалдай алады. Қазіргі таңда электронды пошта қызметін пайдаланбайтын адам жоқ. Ғаламтор арқылы күн сайын миллиондаған адамдар жер шарының әр түкпірінде отырып-ақ талай жұмыстарын орындай алады.

ә. Сұрақтарға жауап беріндер.

5. Грамматикалық тақырып (тұсаукесер)

Себеп-салдар үстеу – іс-қимылдың себебін, салдарын көрсететін үстеудің түрі. Сұрағы **не себеппен? қалай?**

Мысалы: шарасыздан, амалсыздан, бостан-бос, құр босқа, т.б.

1-тапсырма. Үстеулердің аудармасын оқып, жаттаңдар.
Сөйлем құраңдар.

Босқа, бекер, амалсыздан, жоққа, шарасыздан.

2-тапсырма.

Сөздікте берілген етістіктер мен себеп үстеулерді қатыстырып, сөйлем құраңдар.

Өткізу, сыйлау, шақыру, дайындау, құрметтеу.



Компьютерде <https://bilimland.kz/ru/courses/informatika-ru/lesson/vidy-kompyuternoj-svyazi>
«ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА»

IV. Білімді бекіту: Оқылым. Сөйлесім.

1. «Венн диаграммасын» толтыру

Пошта	Электронды пошта

2. Сұхбатты толықтырындар, көршіңмен сұхбаттас.

- Электронды пошаның ең елеулі ерекшелігін ата.
- Электронды пошаның жылдамдығы немен бірдей?
- Электронды поштада хабарлама қалай жеткізіледі?
- Электронды пошта бағдарламаларын не арқылы пайдалануға болады?

Не білемін?	Не білдім?	Не білгім келеді?

VI. Үйге тапсырма. «Электронды пошта маған не үшін керек?» эссе.

VII. Бағалау.

VIII. Қосымша әдебиеттер: информатика.

Жыр жазамын жүрегімнен

**З.Х.ЕСЕНҒАЛИЕВА,
Ш.Уәлиханов негізгі
орта мектебінің мұғалімі.**
Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы,
Жасталап ауылы

БІЛІМ КІЛТІ – КІТАПТА

*Құлақ салып, шәкірттерім, тыңдағын!
Еске аламын жастық шақтың жырларын:
Студенттік кез еді - ол кітаптан,
Бас алмайтын оқып білім сырларын.*

*Қалаға жол болар үш жүз шақырым.
Көлік те жоқ, қазіргідей батырың.
Пойызбенен қапқа салып таситын,
Кітаптарды ауылдасың, жақының.*

*Оқу залы үйге кітап бермейтін.
Бұл ордаға кез келген жан енбейтін.
Ал, студент бітіре алмай керегін,
Кешке дейін түртіп алып, терлейтін.*

*Ал қазір не? Оқымайтын жастар көп.
Телефоннан айырылмайтын бастар көп.
Құпияны іздеп көрсе кітаптан,
Ол ашатын қазыналы бастау көп.*

*Сол себептен қазынаны шашпайық,
Құмар жанды ізгі жолға бастайық!
Білім кілті – кітапта екен, достарым,
Көңілге түй, кеш қалмаңыз, жастай ұқ!*

**Р. С. МҰҚАШЕВ,
Маңғыстау облыстық балалар
мен жасөспірімдер туризмі орталығының
экология бөлімінің басшысы.
Маңғыстау қаласы**

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНА АРНАУ

Ақиқат!

Ар мен намыс!

Жігер, қайрат!

*Сарбаздарын отырған дәйім қайрап.
Отан қорғау – ұлы ерлік деп білетін
Батыр бабам асылдың өзіндей-ақ ...*

*Бауыржан – батыр, асқар, дара шыңым!
Отаным менің мынау қарашығым.
Отан үшін жан пида, менде пида
Сол үшінде қиятын бар асылын ...*

*Батыр сөзі ұрпаққа мәңгі үлгі...
Отан сүйіп өткізген бар ғұмырды.
Болашақ ұрпақ үшін кешкен уайым
Ойлаған бүгінгі жас тағдырыңды ...*

*От пен суын соғыстың қатар көрген
Бақыт тапқан арпалыс өмірінен.*

*Жігер беріп, қамшылап жастар рухын
Шыға білген халқының көңілінен ...*

*Ұлы батыр ұлт үшін дара туған ...
Ел есінде мәңгіге дара тұлғаң.
Рухы биік, асқар тау, қыран құсым
Батыр болып мәңгіге жаратылған ...
Бауыржан – батыр, әрі абыз кеуде
Ұлықтауға мәңгілік жаратылған!*

Б.Момышұлының нақыл сөздері:

- * Намысты нанға сатпа!*
- * Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі!*
- * Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп, қызмет ет!*
- * Опасызда Отан жоқ!*
- * Өтіріктің балын жалап, тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп, өлген артық!*
- * Қорқақ қаққа шөгіп өледі!*

Балабақша бағында

**Н.М. ШАХАНОВА,
№147 бөбекжай-
балабақшасының әдіскері.
Алматы қаласы,
Түрксіб ауданы**

БАЛАБАҚШАДА ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Ұсақ моториканы дамыту – баланың жалпы дамуында маңызды рөл атқарады. Бұл құбылыс ерте сәбилік жастан басталады. Алдымен нәресте өзінің қолдарына қадала қарайды, кейіннен басқаруды үйренеді, заттарды алақанымен ұстайды, сонан соң екі саусақпен (*бас бармақ және сұқ саусақ*), кейіннен қарындаш, қасықты ұстап үйренеді. Ұсақ моториканың өзіндік ерекшелігі бар. Ол баланың *жүйке жүйесімен, көру қабілеті, есте сақтау, зейін, қабылдау, әсіресе сөйлеу тілінің дамуымен* тығыз байланысты. Оның себебі, адамның бас миында сөйлеу және қимылға жауап беретін орталықтар бір-біріне жақын орналасқан. Қол саусақтарының қимыл-қозғалысын ынталандыру – сөйлеу тілі орталықтарының жұмысын белсендіре түседі. Сондықтан, баланың сөйлеу тілінің өз уақытысымен қалыптасуы үшін қолдың ұсақ моторикасын дамытуға көп көңіл бөлген жөн. Қолдың ұсақ моторикасы қолдың ептілігіне, қол жазуына тікелей әсер етеді. Егер, баланың қолының ұсақ моторикасы жақсы дамыған болса, есте сақтау қабілеті

жоғары, қисынды ойлап, өз ойын жеткізеді, ұқыпты жазады.

Ерте жастағы балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған жаттығулар мен ойындар:

«Алақан соғу» ойыны. Бұл ойын ерте жастағы балалардың саусақтарын жазып, тік ұстауға және алақандарын соғуға үйретеді.

Қағаздарды парақтау. 1 жастан асқан балаларға журнал немесе суретті кітаптарды парақтауға беруге болады.

Қарындашты алақанмен домалату.

Алдымен қарындашты үстелдің үстіне алақан арқылы домалатамыз. Сонан кейін балаға тік жазылған алақандармен қарындашты домалатуды көрсетеміз. (Қарындаш көлденең бағытта болуы керек). Қарындаштың шеттеріне жылтырап, айналатын суреттерді жапсыруға болады.

Бөтелкелерді ұсақ заттармен толықтыру.

Бос бөтелкеге тас, түйебұршақ, ас бұршақ салуға болады. Жаттығу нәтижелі болуы үшін балаға дұрыс жасалу жолын көрсету керек. Ұсақ заттарды екі саусақ арқылы (бас бармақ пен сұқ саусақ) арқылы алу және бір қолымен бөтелкені ұстап, екінші қолымен ұсақ заттарды бір-бірден салуы керек. Жаттығу соңында бөтелкенің қақпағын жауып, сылдырмақ ретінде ойнатуға болады.

Ермексазға ұсақ заттарды жапсыру.

Ұлудың қабыршағын, ұсақ тастарды, моншақтарды арнайы тақтайшаға жабыстырылған ермексаздың үстіне басып, енгізу қажет.

Сусымалы заттар.

Түрлі сусымалы заттарды бір ыдыстан екінші ыдысқа қасықтың немесе құйғыштың көмегімен салу. Құм, ас бұршақ, жасымықты қолдануға болады.

«Сиқырлы дорба».

1 - нұсқа. Бала көрмей, қолымен ұстап сезу арқылы дорба ішіндегі затты тауып, атауы керек.

а). Тұрмыстық заттар (*қарындаш, тиын, сақина*);

б). Ұсақ ойыншықтар;

в). Көлемі мен фактурасы әр түрлі әріптер мен цифрлар (*олармен таныс балалар үшін*).

2 - нұсқа. Балаларға затты бір қолымен ұстап көруді ұсынады, содан кейін:

а). Тура сондай затты суретте бейнеленген басқа заттардың ішінен тауып алу;

б). Тура сол заттың суретін салу;

в). Басқа заттардың ішінен тура сондай затты тауып, бір қолымен алу, екінші қолымен сол әрекетті істеу ұсынылады.

Сонымен қатар, саусақ жаттығуларын жасаудың да маңызы зор.

«Шынжыр». Оң және сол қолдағы бас бармақ пен сұқ саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.

«Піл». Оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен шынашақ артқы аяғы болса, сұқ саусақ пен аты жоқ саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.

«Доп». Алақандар бір-бірімен жабысады (доп пішінін жасайды).

«Алақанды жылытайық». Екі қолды бір-біріне үйкелейміз.

«**Үтік**». Оң қолымен сол қолды сипалаймыз, уқалаймыз. Содан кейін қолды ауыстырып жасаймыз.

«**Қорқақ қоян**». Баланың шынтақтары үстел үстінде, сұқ және ортаңғы саусақтары созылып ашық күйде, қалған саусақтары алақанға жиналған. Сұқ және ортаңғы саусақтармен жоғары-төмен қимыл жасалынады.

«**Әтеш**». Баланың шынтақтары үстел үстінде, басбармақпен сұқ саусақ әтештің тұмсығы тәрізді, қалғандары сұқ саусақтың үстінде орналасқан. Қолдың басы төмен-жоғары бағытта қимылдайды.

«**Жақсы-жаман**». Баланың шынтағы үстел үстінде. Бас бармақтан басқа саусақтар жұдырыққа жұмылған. Бас бармақтан жоғары қаратылған. Жоғары – «жақсы», төмен – «жаман».

«**Ешкі**». Баланың шынтағы үстел үстінде. Сұқ саусақпен шынашақ алдыға қарай созылған, қалғандары жұдырыққа түйілген. Созылған саусақтар қозғалады – ешкі сүзеді.

«**Ұлу**». Баланың шынтағы үстел үстінде. Сұқ саусақ пен ортаңғы саусақты жоғары көтеріп ұстау керек. Басқа саусақтар үстелге қойылған. Жоғары көтерілген саусақтарды қозғалту керек – «ұлулар мүйіздерін қозғалтады».

Қорыта келгенде, ұлы ғалым В.А.Сухомлинский: «*Балалардың қабілеттері мен дарындылығының бұлағы – олардың саусақ ұшында*» – деп бекер айтпаса керек. Саусақ ойындары мен жаттығулары балалардың сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуына, қимыл-қозғалысының икемді болуына, мектепте сауатты, ұқыпты оқуы мен жазуына үлкен септігін тигізеді.

Имандылық – асыл ой

Г. ЕСКЕНДІРҚЫЗЫ,
С.Жиенбаев атындағы облыстық
жасөспірімдер кітапханасының
қызметкері.
Ақтөбе қаласы

РАМАЗАН – ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАРШЫСЫ

Дін – адамзат тарихы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі. Ислам – бейбітшілік пен сүйіспеншілік діні. Ислам діні – Алла Тағаланың Мұхаммед Пайғамбар арқылы жіберген ақиқат жолы. Ислам діні 5 нәрсеге негізделген. Соның ішінде Рамазан айында ораза ұстау екен. Біздің халқымыз рамазанды ежелден Рамазан – айлардың сұлтаны деген.

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы «Рамазан айы – қасиетті мереке» атты әңгіме сағатын өткізді. Шараға «Нұр-Ғасыр» облыстық орталық мешітінің наиб имамы Нұрбол Берікболұлы Смағұлов қонақ ретінде шақырылды және оқырмандар мен кітапханашылар қатысты. Наиб имам Нұрбол Берікболұлы Рамазан айының құндылықтары, пайдасы мен сауабы, сонымен қатар ислам діні туралы оқырмандар мен кітапханашыларға мағұлмат берді.

Рамазан – барша мұсылмандардың күтетін

қасиетті айы. Рамазан араб сөзі, түбірі «рамзау» – «өте ыстық» деген мағынаны білдіреді. Бұл айда барша мұсылман бір ай бойы ораза тұтады. Яғни, таң атқаннан күн батқанша ішіп-жеуден, түрлі жаманшылық атаулыдан өзін таза ұстап, күнә істерді тоқтады. Адам сабырлық, мейірімділік, қанағатшылдық сияқты қасиеттерге бой ұсынады. Сонымен бірге Рамазан айының соңғы онкүндігінің бірінде қадір түні өтеді. Осы кеште барлық періштелер жер бетіне ізгі амалдар үшін жіберіледі. Бұл түн – жасаған әрбір ізгі амалдар мен құлшылықтардың, қайырымды істердің сауабы мың еселеп жазылатын түн. Рамазан айында сауапты істердің бірі – пітір садақасын беру. Пітір садақа – Рамазан айының бірінші күнінен бастап ораза айт намазына дейін берілуі қажет.

Оқырмандар наиб имам Нұрбол Берікболұлына дінге, Рамазан айына байланысты көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, өз ойларымен бөлісті.

Шара соңында ораза ұстаған кітапхана қызметкерлеріне ауызашарға дәм таратылды. Шараға келгендерге «Рамазан айы – рақым айы» деген атпен слайд көрсетіліп, «Иманның нұры – исламда» кітап көрмесі жасақталып, көрмеге Кошанова Шынар библиографиялық шолу жүргізді.

Кітапхана тынысы

А.ҚАЙНАҚАЕВА,
С.Жиенбаев атындағы облыстық
жасөспірімдер кітапханасы.
Ақтөбе қаласы

ДАНА СӨЗДІҢ ДАРАСЫ – ШӘКӘРІМ

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының 160 жылдығына арналған «Дана сөздің дарасы – Шәкәрім» атты поэзия сағаты өтті.

Шәкәрім – Абайдың замандасы әрі інісі, әрі Абай негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін алға апарушы ізбасары. Өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сыр-сипаттарын көре білуде, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуде, туған халқына түзу жол көрсетуде Шәкәрім Абай бағытын ұстанды. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді – Құнанбайдың Күңке деген бәйбішесінен туған, яғни Абайдың немере ағасы. Шәкәрім бес жасында ауыл молдасына оқуға беріледі де онда жеті жасына дейін оқиды. Жеті жасында әкесінен жетім қалған ол бұдан былайғы кезде Абайдың тікелей тәрбиесінде

болады. Өскен ортасының аса бай дәстүрлері мен Абай ағасының тәрбиесі табиғатынан зерек Шәкәрімнің жетімдік көрмей өсуіне ғана емес, оның талантты ақын, парасатты ой иесі болуына да зор ықпал жасады. Шәкәрімнің өзі кейінірек былай деп жазады: *“Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды, сол кісі мұсылманша Һәм орысша ғылымға жүйрік Һәм Алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді, ержеткен соң сол кісіден тағылым алып, әртүрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім”*.

1931 жылы күздің сұрғылт күні. Бұл кезде жетпістің үшеуіне келген Шәкәрім Құдайбердіұлы аудан орталығына бет алады. Сол кезде мылтық даусы гүрс ете түседі. Қаперінде ештеңе жоқ қарт иығынан оқ тиіп, аттан құлайды. Бір замат көзін ашса, ОГПУ қызметкері Қарасартов жанына ерткен Халитов деген милиционері бар, қасында тұр екен. Шәкәрім Құдайбердіұлы олардан аудан орталығындағы ауруханаға жеткізуді өтінеді. Жауап орнына мылтық тағы да шаңқ ете қалады. Мылтық түтіні тарқағанда, Шәкәрім Құдайбердіұлы бұл дүниеде жоқ еді. 1988 жылы Шәкәрім ақталып, оның өлмес, өшпес мұрасы халқына қайта оралды. Осы

жылы ақынның “Жазушы” және “Жалын” баспасынан өлеңдер, ал “Өнер” баспасынан әндер жинақтары жарық көрді. Тап осы жылы қажының 130 жылдығы Абай ауданы, 1998 жылы 140 жылдығы Семей қаласы көлемінде тойланды. Осы жылдар аралығында Семейдегі бір жоғары оқу орнына қажы есімі беріліп, ескерткіші орнатылды, қала орталығындағы үлкен бір даңғыл ақын есімімен аталды. Мұның сыртында қаладағы байырғы бір қазақ мектебі ақын есімін иеленді.

Шара барысында кітапханашы Шамеденова Бибігүл Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығына тоқталып, Шәкәрім туралы деректі фильм мен слайд көрсетті. Кітапхана қызметкерлері Бақтыгүл Бақытжанқызы «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек», Лариса Кәрібайқызы «Анадан алғаш туғанда», Лаура Ерікқызы «Адам немене», Гүлжан Ескендірқызы «Жастық туралы» атты өлеңдерін өзара жарыса оқыды. Кітапхана директоры Гүлжайнар Наренқызы өз жадынан Шәкәрімге арнаған «Ой тоғыс» өлеңін оқып, тың деректерімен бөлісті. Жанболат пен Жазираның орындауындағы «Анадан алғаш туғанда» атты әніне түсірілген бейнежазба тамашаланып, «Шәкәрім мұрасы – мәңгілік мұра» кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасалды.

Л. С. БУЛТЕКОВА,
С. Жиенбаев атындағы облыстық
жасөспірімдер кітапханасының
бөлім меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы

БАСПАСӨЗ – ӨМІР АЙНАСЫ

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі»

А. Байтұрсынов

Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні қарсаңында «Рухани жаңғыру» бағдарламасына арналған газет-журналдар көрмесі С. Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы қызметкерлері КА 168/3 түзету мекемесіне барып «Баспасөз – өмір айнасы» атты газет-журналдар көрмесін ұйымдастырды.

Көрме ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі халыққа Үндеуі және «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауына, «Рухани жаңғыру» бағдарламасына арналған.

Көрменің мақсаты – баспасөздің өмірдегі орнын ұғындыру және мерзімдік басылым

түрлерін таныстыру, оқырман болуға, жан-жақты білімді болуға, мәдениетті сөйлеуге шақыру.

Көрмемен кітапхана қызметкері Кошанова Шынар Манарбекқызы таныстырып, кітапхана қорындағы мерзімді басылымдар туралы толық мағұлмат берді. Сонымен қатар кітапханада ұйымдастырылған «Оқы және өзгеге ұсын» марафоны бойынша 100-ге тарта кітапты кітапхана қызметкерлері КА-168/3 мекемесінің жасақ басшысы Бисенбаев Азамат Мамытжанұлына тапсырды.

Кітаптардың ішінде М. Әуезов, С. Мұқанов, Л. Толстой, Н. Некрасов сынды қазақ және орыс классиктерінің туындылары және қазіргі ақын-жазушылардың кітаптары да болды.

Адам өмірінде газет-журналдардың алатын орны бөлек. Газет-журналдар арқылы кез келген адам білімдерін толықтырады, есте сақтау қабілетін дамытып, басқаның пікірін тыңдап, оқып, өз ойын анық жеткізеді. Сондықтан да газет-журналдар мен кітаптарды үнемі оқып тұрған жөн.

Л. ҚҰРЫМБАЕВА,
С.Жиенбаев атындағы
облыстық жасөспірімдер
кітапханасының қызметкері.
Ақтөбе қаласы

БИБИ-АНА, ІС БІТІРДІҢ МЫҢ КІТАПТЫҚ...

*Мархабаттың данасындай,
Махабаттың анасындай,
Бибі-Ана!
Туған айдың жаңасындай,
Бес биенің сабасындай
Бибі-Ана!*

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында жазушы Бибігүл Иманғазинаның «Тауқымет» романына байланысты «Қазақтың нар, қаһарман қызы – Бибігүл Иманғазина» атты конференция өтті. Шараны кітапханашы Сұлтанбекова Лаура жүргізді. Шара барысында оқырмандар мен кітапханашыларға жұртшылыққа Бибі-Ана деген есімімен танымал жазушы Бибігүл Иманғазинаның өмір жолын айтып өтті. Сонымен бірге жазушының «Тауқымет» романын әңгімелеп берді. Жұртшылыққа қазақтың “Тереза анасы, Бибі-Ана” деген есімдерімен таныс белгілі жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, қоғам қайраткері Бибігүл Иманғазина «Тауқымет» романын осыдан отыз бес жыл бұрын бастап жазған болатын. Тоқсаныншы жылдардың басында мүгедек аналардың басына түскен

ауыртпалықты қоса көтерген жазушы «Бибі-ана» деген Қоғам құрып, жиырма бес жылда мыңдаған отбасының тыныс-тірлігіне тікелей араласып, бес жүзден астам мүгедек аналардың балаларының жоғары білім алып, жұмысқа орналасуларына ықпал жасады. Отыз бес жылдың аралығындағы сюжеттер нақты өмірден алынғандықтан оқырманды шынайылығымен, тілінің жеңілдігімен баурап алады. Он жеті жасында бір қаныпезердің кесірінен мүгедектікке душар болып қалған сұлу да өнерлі қаракөз қазақ қызының ауыр тағдыры арқау етілген «Тауқымет» романын тебіренбей оқу мүмкін емес. Бұл роман өмірді сүю арқылы Отанын сүйген барша оқырман қауымға арналған.

Бұл кітапқа, сонымен бірге автордың «Ащы өрік» және «Үйге барғым келмейді...» атты повестері де енгізілді.

Бибігүл Иманғазина 1942 жылы 24 желтоқсанда Ақтөбе облысы, Шалқар қаласында дүниеге келген. Он жеті жасында кенеттен мүгедек болып қалған ол өмірдің бар тауқыметін тарта жүріп, екі баланы тәрбиелеумен қатар шығармашылықпен айналысты.

1990 жылы бала тәрбиелеп отырған мүгедек аналардың республикалық «Бибі-Ана» қоғамын құрады. Бүгінде мүгедек аналар республикалық «Бибі-Ана» қоғамының президенті.

Шарада үкіметтік емес ұйымның қызметкерлері Гүлшат Амангелдіқызы, Ләззат Қуантайқызы қатысып, шара туралы өз пікірлерін білдірді.

«Тауқыметті тізерлеткен – Бибі-Ана!» деген тақырыпта кітап көрмесін ұйымдастырып, шараға келген қатысушыларға таныстырып өтті. Сондай-ақ, Сұлтанбекова Лаура ақын Ертай Ашықбаевтың «Бибі-Ана» өлеңін көпшілікке оқып берді.

Бас редакторы – Гүлдәрі ЖҮСПОВА.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.08.2018 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №8, 2018 ж., 144 бет, Алматы.